

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

АСТАНА 2024



Ясин Анвар

GIP Орталық Азиядағы Өңірлік кеңсесінің төрағасы

Орталық Азия өзінің дамуының бетбұрыс кезеңінде. Өйткені, өңір елдері өз экономикаларын әртараптандыруға, инвестициялар тартуға және өз азаматтарының өмір сүру деңгейін арттыруға ұмтылуда. Орнықты қаржыландырудың маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Тиімді іске асыру үшін бүкіл қаржы жүйесін ұлттық қаржы реттеушілері мен нарықтың барлық қатысушыларын тарта отырып, орнықты дамуға сәйкестендіру қажет. Жасыл инвестициялар қағидаттары (GIP) қаржы секторының анағұрлым экологиялық жолға етуін қолдауда маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Орталық Азиядағы орнықты қаржыландырудың жай-күйі туралы бұл баяндама – өңірдің ағымдағы ахуалы мен қолжетімді мүмкіндіктерге жан-жақты шолу. Бұл баяндама сондай-ақ қаржының Орталық Азиядағы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі рөлін тереңірек түсінуге ықпал етуге арналған.

Осы күш-жігерді қолдау үшін капиталдың қалай бөлінетіні басым мәнге ие және орталық банктердің, реттеуші органдардың және қаржы институттарының басшылары ретінде біз орнықты дамуға ықпал ететін қызметке инвестицияларды бағыттауға жауаптымыз. Бұл есеп диалогтың, ынтымақтастықтың және неғұрлым орнықты және гүлденген Орталық Азияны құру жөніндегі іс-қимылдың қозғаушы күші болады деп үміттенемін.

Авторларға осы құнды еңбекті дайындау мақсатында тер төгіп, аянбай жұмыс істегені үшін алғыс айтамын.

Данияр Келбетов

АХҚО Жасыл қаржы орталығы Директорлар кеңесінің төрағасы



Орнықты қаржыны дамыту «Астана» халықаралық қаржы орталығы қызметінің ажырамас бөлігі. АХҚО Жасыл қаржы орталығы – Қазақстан мен Орталық Азияда жасыл және жалпы орнықты қаржыландыру үшін қолайлы ортаны дамытудың негізгі драйверлерінің бірі.

Орталықтың белсенді қатысуымен Қазақстанда жасыл қаржыландырудың нормативтік-құқықтық базасы қалыптасты, соның арқасында 2020 жылы өңірде жасыл облигациялардың алғашқы шығарылымы өтті. Орталық өңір елдері үкіметтеріне және бизнеске орнықты қаржыландыру саласындағы құралдарды шығару стандарттарын дамыту жөнінде консультациялар көрсетеді.

Орталық Азия елдері орнықты даму, Париж келісімі және көміртегі бейтараптығы мақсаттарына қол жеткізу үшін аса мол капиталға мұқтаж. Осыған орай, инновациялық қаржы құралдарын пайдалану және орнықты қаржыландырудың жергілікті нарықтарын дамыту өте маңызды.

Бұл баяндамада біз өңір елдеріндегі орнықты қаржыландырудың ағымдағы жай-күйіне шолу жасап, оны одан әрі дамытудың ықтимал жолдарын ұсынғымыз келді. Бұл есеп барлық мүдделі тараптар үшін құнды ақпарат көзі болады деп үміттенеміз.

Осы баяндаманы дайындауға үлес қосқан әр маманға алғыс білдіреміз.

АЛҒЫС

«Орталық Азиядағы орнықты қаржыландыру» баяндамасын (бұдан әрі - баяндама) «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ, GIP-тің Орталық Азиядағы Өңірлік кеңсесі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қаржы кафедрасының жобалық тобымен (AP19679105 «Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикасын дамыту аясында ESG қаржы құралдарын трансформациялау» ғылыми жобасы шеңберінде) бірлесіп дайындады.

Баяндаманы дайындауға ақпарат бергені үшін Орталық Азиядағы келесі қаржы ұйымдарының өкілдеріне алғысымызды білдіреміз:

Айдын Дәулетбақ, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Бағалы қағаздар нарығы департаментінің директоры;

Мадина Қасымбаева, Қазақстан қор биржасының (KASE) Стратегия және халықаралық ынтымақтастық департаментінің ESG-офицері;

Элизат Жапарова, Қырғыз Республикасы Ұлттық банкінің қадағалау әдістемесі басқармасының басшысы;

Медет Назаралиев, Қырғыз қор биржасының президенті;

Назира Бирназарова, «Доскредобанк» ААҚ Жасыл қаржыландыру департаментінің директоры, Қырғызстан;

Нигина Курбоналиева, Тәжікстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық басқармасының басшысы;

Умеда Рахманова, «Орталық Азия қор биржасы» ААҚ директоры, Тәжікстан;

Вадим Карибуллин, «Орталық Азия қор биржасы» ААҚ Заң бөлімінің басшысы, Тәжікстан;

Гульчехра Сайфидинова, «Банк Эсхата» ААҚ ESG бөлімінің басшысы, Тәжікстан;

Нилуфар Джамолова, «Банк Эсхата» ААҚ инвесторлармен байланыс жөніндегі менеджері, Тәжікстан;

Индира Хабибулина, «Ташкент» республикалық қор биржасы кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы, Өзбекстан;

Динара Шыныбекова, Еуразиялық даму банкінің Орнықты даму дирекциясының менеджері.

Орталық Азиядағы Жасыл инвестициялар қағидаттары кеңесінің (Green Investment Principles, GIP) келесі мүшелеріне, сондай-ақ GIP хатшылығына баяндамаға шолу жасап, түсініктеме бергені үшін алғыс білдіреміз:

Татьяна Мирошниченко, Өзбекстандағы Ernst & Young компаниясының климаттың өзгеруі және орнықты даму жөніндегі практиканың аға менеджері;

Юнхан Чен, GIP Бейжіңдегі кеңсесі хатшылығы басшысының орынбасары.

ДИСКЛЕЙМЕР

«Орталық Азиядағы орнықты қаржыландыру» тақырыбындағы осы баяндама тек ақпараттық мақсаттарда дайындалды және заңдық, қаржылық немесе кәсіптік кеңес емес. Осы баяндамада қамтылған ақпарат оның дәлдігіне, толықтығына немесе сенімділігіне қатысты нақты немесе көзделетін қандай да бір кепілдіктерсіз немесе болжамсыз «қаз-қалпында» беріледі.

Бұл баяндамада Орталық Азия өңірі БҰҰ жіктемесіне сәйкес айқындалған, оған Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан кіреді¹.

Бұл құжатта айтылған пікірлер авторларға тиесілі және міндетті түрде «АХҚО әкімшілігі» АҚ-ның көзқарасын білдірмейді. Бұл баяндама қосымша ақпарат алу немесе контекстті түсіну үшін сыртқы көздерге немесе үшінші тараптардың веб-сайттарына сілтемелерге сүйене алады. Алайда, біз кез-келген үшінші тарап веб-сайттарының мазмұнын қолдамаймыз немесе бақыламаймыз және мұндай веб-сайттардың дәлдігі, заңдылығы немесе мазмұны үшін жауап бермейміз.

Бұл баяндаманың мазмұнында ескертусіз өзгеруі мүмкін пікірлер, болжамдар немесе болжамды мәлімдемелер болуы мүмкін. Осы баяндамада қамтылған ақпаратты пайдалану тек өз тәуекеліңізге байланысты жүзеге асырылады. Біз осы баяндаманы пайдалану немесе пайдалану мүмкін болмағандықтан туындайтын кез келген тікелей, жанама, кездейсоқ, арнайы немесе өндіріп алу шығындары үшін жауап бермейміз.

Бұл баяндамада ешнәрсе оқырман мен біздің ұйым арасында клиенттік қатынастардың құрылуы ретінде түсіндірілмеуі керек. Егер сізге заңдық, қаржылық немесе кәсіби кеңес қажет болса, Сіз өзіңіздің нақты жағдайларыңызға сәйкес жеке кеңес бере алатын білікті маманға жүгінуіңіз керек. Біз бұл есепте қамтылған ақпараттың қандай да бір мақсат үшін жарамдылығына, сенімділігіне, қолжетімділігіне, уақтылығына немесе дәлдігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамаймыз немесе кепілдік бермейміз.

Осы баяндама аталған қаржылық қызметтер мен орнықты даму саласындағы қаржы өнімдерінің жарнамалық мақсаттарына арналмаған. Аталған қаржы өнімдері мен қызметтерді пайдалану шарттары тек түсіндіру мақсаттарында ұсынылған. Сіз осы баяндамада келтірілген мысалдарға сілтеме жасамай, белгілі бір өнімдерді пайдалану шарттарын нақтылауыңыз керек.

Қазақ және орыс тілдеріндегі аудармаларда ағылшын тіліндегі мәтінмен сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, соңғысы басым күшке ие болады. Бұл баяндамаға кез келген уақытта ескертусіз өзгерістер енгізу немесе жаңарту құқығы бізде сақталады.

Осы баяндамада пайдаланылатын деректер 2024 жылдың ақпан-мамыр айлары кезеңінде жиналды.

¹ UN. Classification and definition of regions

ҚЫСҚАРТУЛАР

АДБ	Азия даму банкі
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ҚДБ	Қазақстанның даму банкі
БЦК	Банк ЦентрКредит
ДБ	Дүниежүзілік банк
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ЖЭҚ	Жаһандық экологиялық қор
ЕАДБ	Еуразиялық даму банкі
ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
ЕЭК	Еуразиялық экономикалық комиссия
ЕИБ	Еуропалық инвестициялық банк
ЖКҚ	Жасыл климат қоры
ИДБ	Ислам даму банкі
КДБ	Көпжақты даму банктері
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
ҰДАҰ	Ұлттық деңгейде айқындалатын үлестер
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БҰҰДБ	БҰҰ даму бағдарламасы
ПГ	Парниктік газдар
БҰҰ КӨНК	БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы
ФАО	БҰҰ азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы
ОДМ	Орнықты даму мақсаттары
AIX	Astana International Exchange (АХҚО биржасы)
BIS	Bank for International Settlements
COP	БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясын іске асыру тараптарының конференциясы
ESG	Environmental, Social, Governance
GEFF	Green Economy Financing Facility
GGGI	Global Green Growth Institute
GIP	Green Investment Principles
IFC	International Finance Corporation
KASE	Kazakhstan Stock Exchange
NGFS	Network for Greening the Financial System
SSE Initiative	Sustainable Stock Exchanges Initiative
SBFN	Sustainable Finance and Banking Network

МАЗМҰНЫ

I

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

II

КЛИМАТ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ ҚАРЖЫ
СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

III

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ КЛИМАТТЫҚ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА МҰҚТАЖДЫҒЫ

IV

ӨҢІР ЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
НАРЫҚТАРЫ

V

ӨҢІРДЕ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ОДАН
ӘРІ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

ТҮЙІН

Орталық Азия елдерінің климаттың өзгеруіне қосқан үлесі шамалы болғанымен (өңір елдердің жаһандық шығарындылардағы жиынтық үлесі 1%-дан сәл астам), өңір климаттың өзгеруіне ең осал аймақтардың бірі. Өңірдегі климаттың өзгеруінің негізгі теріс салдары – мұздықтардың кішіреюі және жер үсті сулары ағынының азаюы, бұл өңір елдерінің экономикасына, әсіресе өңірдегі экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі секторларының бірі ауыл шаруашылығына қауіп төндіреді.

Орталық Азия елдері шет қалмай, халықаралық келісімдер шеңберінде парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі міндеттемелерді қабылдап алып, климаттың өзгеруі жөніндегі жаһандық күн тәртібіне «қосылды». Ұлттық деңгейде көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиялары және орнықты даму мен «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі басқа да құжаттар қабылдануда. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін орасан зор қаржы ресурстары қажет, бұл Орталық Азия үкіметтерінің бюджеттеріне ауыр салмақ түсіруі мүмкін. Осыған байланысты климаттың өзгеруіне, жалпы алғанда жасыл және орнықты жобаларға қаржыландыруды тарту бойынша шаралар қабылдау аса маңызды.

Орнықты жобаларға қаржыландыруды тарту үшін жасыл облигациялар, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және басқалары сияқты инновациялық қаржылық құралдарды пайдалану бүкіл әлемде қарқын алуда, бұның бәрі бірігіп орнықты қаржыландыру нарығын қалыптастырады. Осы қаржы құралдарының әлеуетін пайдалану және орнықты қаржыландыру нарықтарын құру үшін елдер қаржы секторында анық және ашық реттеу жүйесін, стандартталған нормативтік базаны және қолдау көрсететін инфрақұрылымды жасауы қажет. Орталық Азия елдерінің арасында жергілікті орнықты қаржыландыру нарығын дамытуда айтарлықтай ілгерілеушілік Қазақстанда болды, мұнда өңірде бірінші болып жасыл қаржыландыру саласындағы стандарттар қабылданды және орнықты қаржыландыру нарығындағы қаржы құралдарының шығарылым саны қазірдің өзінде жиырмадан астамға жетті. Бұл ретте, Өзбекстан соңғы бірнеше жылда ОДМ үшін егеменді облигациялар мен егеменді жасыл облигациялар шығарған өңірдегі бірінші ел болып, үкіметінің орнықты даму саласындағы борыштық қаржы

құралдарын пайдаланудағы белсенділігімен ерекшеленеді. Қырғызстан мен Тәжікстанда қазірдің өзінде корпоративтік жасыл облигациялардың алғашқы шығарылымдары өтті. Түрікменстанда орнықты даму саласындағы облигациялар шығарылымы туралы ақпарат ашық дереккөздерде жоқ. Дегенмен, өңірдің орнықты қаржыландыру нарығының жалпы көлемі 2 млрд АҚШ долларынан асып кетті.

Қазіргі уақытта дамушы елдер арасында инвестиция үшін, оның ішінде орнықты жобаларға инвестициялар үшін үлкен бәсекелестік бақылануда. Сондықтан Орталық Азияның жасыл трансформациясы ұлттық бюджеттерге ауыртпалық түсірмеуі үшін елдер орнықты қаржыландыру нарықтарын одан әрі дамытуға бар күш-жігерін салуы және орнықты жобаларға халықаралық инвестициялардың келуі үшін өңірдің тартымдылығын арттыра алатын барлық мүмкін бірлескен шараларды қабылдауы керек.

Бұл баяндама Орталық Азиядағы орнықты қаржыландыру нарықтарын одан әрі дамытудың нақты қадамдарын ұсынады, олар мынадай басым бағыттардың айналасында құрылған :

1) Стандарттау. Саясатты әзірлеушілер өңірдегі биржалық алаңдармен бірге салдарларды жұмсартуға ғана емес, сонымен қатар бейімдеуге, өтпелі қаржыға (transition finance) және бірлескен өлшемшарттарға бағдарланған халықаралық танылған өлшемшарттарға сай және сәйкес келетін тақырыптық қаржыландырудың жергілікті стандарттарын тиімді әзірлеуге және енгізуге ұмтылуы тиіс. Сондай-ақ қатысушылар инвесторлардың талаптарына сәйкес келетін ESG-ақпаратты ашудың келісілген нұсқаулық қағидаттарды әзірлеуге ұмтылуы керек.

2) Баралау. Саясатты әзірлеушілер деректерді жеткізушілермен (капитал нарығына арналған биржалық алаңдар, банк секторына арналған реттеушілер) бірге жоғары сапалы, нақты және уақтылы болуы тиіс орнықты қаржыландыру жөніндегі сенімді өңірлік статистикадағы олқылықты жабуы тиіс. Деректер мүдделі тараптардың кең ауқымына қолжетімді болуы керек.

3) Әлеуетті арттыру. Реттеушілер, биржалық алаңдар мен қаржы

институттары бөлшек тұтынушылар үшін де, корпоративтік сектор үшін де білім беру ресурстарын құру мүмкіндігін қарастыруы керек, ал реттеушілер банк секторына бағдарланған әлеуетті арттыруға да назар аударуы керек.

4) Ынталандыру шаралары. Саясаттарды әзірлеушілер жаңа өнімдерді (жасыл несиелер, ESG-облигациялары және т.б.) ілгерілету үшін банктерге, қаржылық қызметтердің бөлшек тұтынушыларына және жобаны әзірлеушілерге стимулдарды әзірлеуі керек.

5) Басымдықтарға сәйкес міндеттерді бөлу.

Қаржы институттары көміртек бейтараптығының әлеуетті мақсаттарымен климаттық тәуекелдерге негізделген стратегияларды әзірлеу, жасыл қаржыландыру бойынша өршіл мақсаттарды белгілеу, орнықты қаржы өнімдеріне ресурстардың жеткілікті көлемін бөле отырып, әлеуетті тауашаларды айқындау және нысаналы өнімдерді әзірлеу мүмкіндігін қарауы қажет.



I. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

«2023 жыл климаттың өзгеруі орын алғанын анық көрсетті. Рекордтық температура құрлықты күйдіріп, теңізді қыздыруда, ал экстремалды ауа райы бүкіл әлемде хаос туғызуда. Біз бұл тек бастамасы екенін білсек те, болып жатқан жағдайға жаһандық реакция әлі де сылбыр. Бұл орайда, орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізілуі керек 2030 жылға дейін мерзімнің жартысы ғана қалғанда, әлем, өкінішке қарай, өз жолынан жаңылды».



Антониу Гутерриш
БҰҰ
Бас хатшысы

ӨҢІРДІҢ ЖАҒАНДЫҚ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҮЛЕСІ ЖӘНЕ САЛДАРЫ

Орталық Азия өңірі климаттық өзгерістерге ең осалдардың бірі болып табылады. ХВҚ өңірдегі ауа температурасы соңғы отыз жылда Цельсий бойынша 1,5 градусқа көтерілгенін – дүниежүзілік орташа деңгейден екі есе жоғарылағанын хабарлады². Өңірдегі климаттың өзгеруінің негізгі теріс салдары – мұздықтардың азаюы және жер үсті су ағынының азаюы. Соңғы 50-60 жылдағы климаттың өзгеруі нәтижесінде Орталық Азиядағы мұздықтар бетінің ауданының азаюы 30%-ды құрады³. Мұздықтардың Орталық Азия тұрғындары үшін өмірлік маңызы өте зор, өйткені олар өңірдегі ең ірі өзен жүйелерінің қоректік көзі болып табылады. Олардың еруі өзендерге ағынды қамтамасыз етеді, олар өз кезегінде ауыл шаруашылығы жерлерін суаруға пайдаланылады. Таулардағы мұздың көлемі азайған сайын өзендердегі су деңгейі төмендеп, ауыл шаруашылығы үшін су тапшылығына алып келуі мүмкін. Өңірде қазірдің өзінде су тапшылығы, құнарлы жерлердің сапасының нашарлауы, шөлейттенудің күрт өсуі байқалады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) деректері бойынша, Орталық Азия елдері 2040 жылға қарай су тапшылығының жоғары немесе өте жоғары деңгейіне тап болады деп күтілуде.

Бұдан басқа, мұздықтардың еруі су тасқыны мен көшкін сияқты табиғи апаттарға әкеліп соғады, олар күннен күнге жиілеп, күшейе түсуде. Өңірдегі климаттың өзгеруінің жағымсыз салдары Орталық Азиядағы энергетикалық, жер және су ресурстарын басқаруға байланысты әлеуметтік-экономикалық проблемалардың өсуін тудырып, одан әрі күшейе түседі. Климаттық сын-тегеуріндерге қарсы тұруда бірлескен күш-жігерсіз Орталық Азия елдері үшін климаттың өзгеруінің салдарынан келетін шығын жылына ЖІӨ-нің 1,3%-ын құрайды, егін шығымдылығы 30%-ға төмендейді, ал Әмудария мен Сырдария өзендеріндегі су деңгейі 2050 жылға қарай 15%-ға төмендейді⁴.

БҰҰ климаттың өзгеруін «заманымыздың ең маңызды проблемаларының бірі» деп таныды. 2007 жылы БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық тобы жаһандық жылынуды адам әрекетімен байланыстыратын есепті жариялады. Осыған байланысты климаттың өзгеруіне қарсы күрес бүгінгі күннің жаһандық

күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым бақылаудың барлық тарихында 2023 жыл Париж климаттық келісінде белгіленген өнеркәсіпке дейінгі деңгейден 1,5 градустан жоғары белгіге

² Climate Centre. IMF: Without adaptation Mideast and Central Asia face crippling losses from climate change

³ АДБ. Цифрлармен: Орталық Азиядағы климаттың өзгеруі

⁴ The World Bank. Climate Change in Europe and Central Asia

жақындап, ең ыстық жыл болғанын ресми түрде растады.

Париж келісімі 2015 жылы БҰҰ-ның КӨНК аясында климаттың өзгеруімен және оның жағымсыз салдарымен күресу мақсатында қабылданған болатын. Өңірдің барлық елдері, атап айтқанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық күреске үлес қосу және осы бағытта тиісті шаралар қабылдау мақсатында Париж келісімін ратификациялады. Париж келісімі жаһандық ПГ шығарындыларын едәуір азайтуға және бір уақытта өсуді одан әрі 1,5 градусқа дейін шектеу жолдарын іздей отырып, жаһандық температураның осы ғасырда 2 градус Цельсийге дейін көтерілуін шектеуге бағытталған.


Парниктік газдар климаттың өзгеруінің негізгі себебі болып табылады. Жаһандық атмосфераны зерттеу үшін шығарындылар дерекқоры (EDGAR – Emissions Database for Global Atmospheric Research) бойынша 2022 жылы Орталық Азия елдерінің ПГ шығарындыларының жалпы үлесі жаһандық ПГ шығарындыларының 1,36% құрады. **Қазақстанның** үлесі – 0,62%, **Өзбекстанның** үлесі – 0,42%, **Түркіменстан** – 0,24%, **Қырғызстан** мен **Тәжікстан** – әрқайсысы 0,04%. Тұтастай алғанда, 1990-2022 жылдар аралығындағы кезеңде Орталық Азия елдерінің жиынтық шығарындылары 669,4 млн тонна CO₂-экв-тен 732,4 млн тонна CO₂-экв-ке дейін артты. 1990 жылмен салыстырғанда **Қазақстан** мен **Қырғызстанда** шамалы төмендеу байқалады, **Тәжікстанда** бұл көрсеткіш шамамен бірдей деңгейде сақталды, ал **Түркіменстан** мен **Өзбекстанда** көрсетілген

кезеңде ПГ шығарындылары айтарлықтай өскен (1-сур. қар.).

Өңірдің барлық елдері ЖІӨ бірлігіне шаққандағы ПГ шығарындыларының әлемдік орташа көрсеткішінен (0,38 т CO₂-экв/1 мың\$/жылына) асып түседі, бұл өңір экономикаларының салыстырмалы түрде жоғары көміртекті сыйымдылығын көрсетеді. Ең жоғары көрсеткіш **Түркіменстанда** (1,3 т CO₂- экв/1 мың\$/жылына), бұл елде электр қуаты негізінен табиғи газдан алынады. Одан кейін **Қазақстан** келеді (0,64 т CO₂-экв/ экв/1 мың\$/жылына), мұнда электр энергиясының негізгі көзі – көмір. Бүгінгі таңда қазба отындары Орталық Азияның бес еліндегі жалпы энергиямен жабдықтаудың 95% құрайды және ЖЭК-тің бай әлеуетіне қарамастан, күн мен жел энергиясының белгіленген қуаты қазіргі уақытта жалпы қуаттың орта есеппен кемінде 5% құрайды⁵. Электр энергиясын өндіруде қазбалы отынның жоғары үлесіне байланысты энергетика Орталық Азия елдерінде парниктік газдар шығарындыларының ең көп мөлшеріне жауап беретін сектор (2-сур. қар.).


Бұл ретте, жан басына шаққандағы ПГ шығарындыларының көлемі бойынша тек **Түркіменстан** мен **Қазақстан** ғана (тиісінше 20,8 т CO₂-экв/жылына және 17,3 т CO₂-экв/жылына) орташа әлемдік деңгейден (6,7 т CO₂-экв/ жылына) асып түседі. Ал **Өзбекстан** шамамен әлемдік орташа деңгейде (6,6 т CO₂-экв/жылына). **Қырғызстан** мен **Тәжікстанда** бұл көрсеткіш әлемдік орташа деңгейден төмен (тиісінше 3,4 және 2,3 т CO₂-экв/жылына), бұл елдердегі электр энергиясының негізгі көздері – су гидроэлектрстанциялары. **Қазақстан**, **Өзбекстан** және **Түркіменстан** сияқты экономикасы ірірек елдердің де энергияға деген қажеттілігі де жоғарырақ, энергетика секторында қазбалы

1-сурет. Орталық Азия елдерінің парниктік газдар шығарындылары, млн тонна CO₂-экв



Дереккөз: EDGAR

⁵ UNECE. Central Asia would need a massive shift rather than a massive increase in investment to reach net zero by 2050, according to the UN



отынды тұтыну деңгейі жоғары. Сонымен қатар бұл елдер экономиканың өртүрлі салаларында, мысалы, тұрғын үй секторында энергия тиімділігінің төмендігімен ерекшеленеді және ауыр өнеркәсіптен шығатын көмірқышқыл газының шығарындылары бойынша әлемдегі алғашқы жүз елдің қатарына кіреді⁶. Дегенмен, ЖІӨ-нің айтарлықтай жоғары мөлшеріне қарамастан, Қазақстан ЖІӨ бірлігіне шаққандағы ПГ шығарындылары бойынша **Қырғызстан, Тәжікстан** және **Өзбекстан** сияқты елдерден сәл асып түседі, бірақ жан басына шаққандағы ПГ шығарындылары бойынша айтарлықтай (сәйкесінше 5 және 7 есе) асып түсіп отыр. **Түркіменстан** халық саны мен ЖІӨ-ге қатысты ПГ шығарындылары бойынша өңірде көшбасшы.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

Париж келісіміне қатысушылар жаһандық ПГ шығарындыларын азайтуға үлес қосу бойынша міндеттемелерді қабылдап алады. Орталық Азия елдері Париж келісіміне қатысушы басқа елдердің қатарында шығарындыларды азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі елдің іс-қимыл жоспары саналатын ҰДАҰ қабылдайды. Орталық Азия елдерінің ҰДАҰ базалық жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай ПГ шығарындыларын 15-16%-дан 50% - ға дейін



⁶ UN ESCAP. Орнықты даму мүддесі үшін Азия-Тынық мұхиты аймағындағы климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимылды жандандыруға арналған субөңірлік ынтымақтастық

қысқарту бойынша шартсыз және шартты мақсаттарды көздейді (1-кест. қар.) .

БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық тобының «1,5°C-ге жаһандық жылыну туралы арнайы баяндамасында» «жаһандық шығарындылардың траекторияларына 1,5°C мақсатынан аспай немесе шектеулі мөлшерде асып сәйкес болу үшін жаһандық таза антропогендік CO₂ шығарындылары 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2030 жылға қарай шамамен 45%-ға төмендеп, 2050 жылға қарай таза нөлдік шығарындыларға, яғни көміртегі бейтараптығына жетуі керек».

Париж келісіміне сәйкес, көміртегі бейтараптығы осы ғасырдың екінші жартысында антропогендік көздерден шығарылатын шығарындылар мен ПГ шығарындыларын сіңіргіштердің абсорбциясы арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу арқылы жаһандық жылынды 2°C-қа дейін (1,5°C-қа дейін) шектеу мақсатында нөлдік көмірқышқыл газының шығарындыларына қол жеткізу ретінде анықталады. Әлемнің 137 елі «шамамен ғасырдың ортасында» көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жоспарларын жариялады, олардың арасында Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан бар (2-кест. қар.) .

«Бүгінде ғасырдың ортасына қарай (2050-2060 жж.) көміртегі бейтараптығына қол жеткізу – барлық елдер үшін кейінге қалдыруға болмайтын міндет. БҰҰ-ның әрбір елі эмиссияларды азайтуға және көміртегі бейтараптығын бейілділігі туралы мәлімдеуге міндеттеме алуы керек».

Антониу Гутерриш
БҰҰ Бас хатшысы

Алайда, көмірқышқыл газы (CO₂), ең танымал болғанымен, климаттың өзгеруіне ықпал ететін жалғыз парниктік газ емес. Метан (CH₄) – көмірқышқыл газынан кейінгі екінші маңызды антропогендік парниктік газ, оның жалпы әлемдік шығарындылардағы үлесі шамамен 20% құрайды. Атмосферадағы концентрациясының төмендігіне қарамастан, метан көмірқышқыл газымен салыстырғанда әлдеқайда күшті парниктік әсерге ие, сондықтан метан шығарындыларын азайту жаһандық жылынды азайту үшін айтарлықтай әлеуетке ие.

Климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық қозғалыс аясында әлемнің 150-ден астам елі

1-кесте. Орталық Азия елдерінің ПГ шығарындыларын азайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштері

	Париж келісімін ратификация лау жылы	Шартсыз мақсат [Шартты мақсат]	2030ж. қарай шартсыз мақсатқа жетудегі деңгей	Ағымдағы деңгей (2022 ж.)
Қазақстан	2016	2030 жылға қарай 1990 жылғы деңгейден 15% [25%] төмендету.	297,1 [262,1] млн т CO ₂ -экв	331,5 млн т CO ₂ -экв
Қырғызстан	2019	«өдеттегідей бизнес» сценарийімен (2017) салыстырғанда 2025 жылға қарай 16,63%-ға [36,61%] және 2030 жылға қарай 15,97%-ға [43,62%] төмендету	16,8 [11,3] млн т CO ₂ -экв	21,9 млн т CO ₂ -экв
Тәжікстан	2016-2017	2030 жылға қарай ПГ шығарындылары 1990 жылғы деңгейден 60% -70% [50-60%] аспауы керек.	13,3-15,6 [11,1-13,3] млн т CO ₂ -экв жоғары емес	22,8 млн т CO ₂ -экв
Түркіменстан	2016-2017	2030 жылға қарай 2010 жылғы деңгейден 20%-ға төмендету	82,16 млн т CO ₂ -экв	128,9 млн т CO ₂ -экв
Өзбекстан	2018	2030 жылға қарай ЖІӨ бірлігіне шаққандағы ПГ үлестік шығарындыларын 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 35%-ға төмендету	0,9 т CO ₂ -экв/1 мың \$/ж.	0,8 т CO ₂ -экв/1 мың \$/ж.

Дереккөз: «Климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстан Республикасының жаңартылған ұлттық үлесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы. БҰҰДБ. Париж келісіміне «Қырғыз Республикасының ұлттық деңгейде айқындалатын үлесі» қабылданды. Тәжікстан Республикасының ұлттық деңгейде айқындалатын үлесінің жаңартылған нұсқасы; БҰҰДБ. Өзбекстан Париж келісімі шеңберінде ұлттық міндеттемелерді қалай орындайды? Newscentralasia.net. OGT 2023. Түркіменстан БҰҰ РКИК бойынша өз міндеттемелерін дәйекті түрде орындап келеді. Авторлар ПГ шығарындылары туралы деректерді EDGAR деректері негізінде есептеді.

2030 жылға қарай метан шығарындыларын кемінде 30%-ға қысқарту туралы ерікті келісім – «метанды азайту жөніндегі жаһандық міндеттемеге» қосылды⁷. Орталық Азияның барлық елдері осы келісімнің қатысушылары атанды. Осы жаһандық бастамаға қосылу арқылы елдер метан шығарындыларын азайту үшін технологиялар мен қаржыға қол жеткізе алады.

Климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық міндеттемелерді қабылдау ұлттық стратегиялық құжаттарға тиісті мақсаттар мен міндеттерді интеграциялауды, климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауды және оларды іске асыру үшін одан әрі шараларды талап етеді (3-кест. қар.).

Аталған стратегиялық сипаттағы құжаттар елдің ұлттық басымдықтарын табиғи ресурстарды орнықты пайдалануға, энергия тиімділігін арттыруға, ЖЭК-ті дамытуға және су және жер ресурстарын басқаруды жақсартуға каскадтайды. Бұл ретте, бірқатар елдер «жасыл» экономика бойынша бағдарламаларды не стратегияларды жоспарлауларды уақытша кезеңдерге (Қазақстан, Қырғызстан) арналған жекелеген құжаттар ретінде не жоспарларды стратегиялық құжаттарға (Өзбекстан) қосымшалармен қоса енгізді.

2-кесте. Орталық Азия елдерінің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі максаттары

	Көміртегі бейтараптыққа қол жеткізу жылы	Қол жеткізудің негізгі тәсілдері
Қазақстан	2060	Баламалы және жаңартылатын энергия көздері басым, сондай-ақ көміртекті алу мен сақтауды пайдаланатын көміртекті бейтарап жүйеге көшу есебінен аралық отын ретінде газ пайдаланылатын болады.
Қырғызстан	2050	ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыру, оның ішінде гидроэнергетикалық станцияларды салу есебінен. Қырғызстан қазір 142,5 миллиард киловатт-сағат электр энергиясының жалпы өлеуетінің 13% -ын ғана пайдаланады.
Тәжікстан	[міндетті емес]	
Түркіменстан	[міндетті емес]	
Өзбекстан	2060	Ел айтарлықтай өлеуетке ие КЭС пен ЖЭС-ті дамыту есебінен. Сонымен қатар, 2030 жылға қарай елде қуаты 2,4 ГВ болатын атом электр станциясы жұмыс істей бастайды.

Дереккөз: 2060 жылға дейін ҚР көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы 24 КГ. 2050 жылға қарай Қырғызстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді жоспарлап отыр Дүниежүзілік Банк. Өзбекстан: климат және даму туралы Елдік есеп

⁷ Global Methane Initiative (GMI)

3-кесте. Орталық Азия елдерінің «жасыл» экономика мен ЖЭК-ке көшу жөніндегі негізгі құжаттары

Құжаттың атауы	Негізгі шаралар және нысаналы индикаторлар
 <p>Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама</p> <p>Қазақстан</p>	<p>Негізгі міндеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> ресурстарды (су, жер, биологиялық және т. б.) пайдалану және басқару тиімділігін арттыру; қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа инфрақұрылым салу; қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың үнемді жолдары арқылы халықтың әл-ауқатын және қоршаған орта сапасын арттыру; ұлттық қауіпсіздікті, оның ішінде су қауіпсіздігін арттыру. <p>Елдің энергия теңгеріміндегі ЖЭК және энергияның баламалы түрлерінің үлесіне қол жеткізу бойынша мақсат қойылды-2030 жылға қарай 10% - ға дейін, одан әрі көрсеткіш 15% - ға дейін ұлғайтылды.</p>
<p>Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары</p>	<p>Су ресурстары, ауыл шаруашылығы, энергия тиімділігі, электр энергетикасындағы CO2 шығарындыларын азайту, ауаның ластануы, қалдықтарды қайта өңдеу, экожүйелерді сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру саласындағы шаралар.</p>
 <p>«Қырғызстан — жасыл экономика өлі» тұжырымдамасы</p> <p>Қырғызстандағы «жасыл» экономиканы дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған бағдарламасы (2024-2028 жылдарға арналған бағдарлама)</p> <p>Қырғызстан</p>	<p>Жеті басым сектор анықталды: жасыл энергетика, жасыл ауыл шаруашылығы, жасыл өнеркәсіп, орнықты туризм, төмен эмиссиялық көлік, қалдықтарды басқару, жасыл қалалар.</p> <p>Энергия тиімділігін арттыру, электр энергиясын жалпы өндірудегі ЖЭК үлесін 2040 жылға қарай 10% - ға дейін ұлғайту, орнықты қаржыландыруды дамыту үшін құқықтық орта құруды, банк және микроқаржы секторларына орнықты қаржыландыруды іс жүзінде енгізуді, сондай-ақ «жасыл» қаржы корпорациясын құруды қоса алғанда, орнықты қаржыландыруды дамыту жөніндегі шаралар.</p>
 <p>«Жасыл» экономиканы дамытудың 2023-2037 жылдарға арналған стратегиясы</p> <p>Тәжікстан</p>	<p>Институционалдық реформалар жүргізу, табиғи капиталды тиімді пайдалану, инвестициялар тарту, заманауи және инновациялық технологияларды енгізу және «жасыл» экономика саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі шаралар.</p> <p>Үкімет гидроэлектр өндірісін ұлғайтумен қатар, күн энергиясының үлесін ұлғайтуды және электр энергиясын бөлу шығындарын азайтуды жоспарлап отыр.</p>
 <p>Түркіменстанның климаттың өзгеруі туралы ұлттық стратегиясы</p> <p>Түркіменстан</p>	<p>Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу, табиғи газ бен мұнай өнімдерін ұтымды пайдалану, сондай-ақ баламалы энергия көздерін пайдалануды ұлғайту мақсаттарындағы шаралар. Осы шаралармен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен көлікті, сондай – ақ мұнай және газ құбырларының ағып кетуін қамту жоспарлануда.</p>
 <p>2019 – 2030 жылдарға арналған «жасыл» экономикаға көшу стратегиясы</p> <p>Өзбекстан</p>	<p>Экономиканың базалық салаларының энергия тиімділігін арттыру, энергия ресурстарын тұтынуды ертарандыру және ЖЭК пайдалануды дамыту, климаттың өзгеруінің салдарын бейімдеу және жұмсарту, табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, «жасыл» экономиканы қолдаудың қаржылық және қаржылық емес тетіктерін өзірлеу.</p> <p>Стратегияны іске асыру нәтижесінде келесілер күтілуде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ЖЭК өндірістік қуатын 15 ГВт дейін ұлғайту және олардың электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі үлесін 30% дан астамға дейін жеткізу; өнеркәсіп саласындағы энергия тиімділігін кемінде 20% ға арттыру; ЖІӨ бірлігіне келетін энергия сыйымдылығының 30% - ға төмендеуі, оның ішінде ЖЭК пайдалануды кеңейту есебінен.

II. КЛИМАТ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

Қаржы секторы орнықты даму мен бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын енгізуде маңызды рөл атқарады, өйткені ол орнықты даму жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз етеді және бизнес-модельдердің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін компанияларды ESG-тәуекелдерді ескере отырып трансформациялауды ынталандыруы керек. Инвесторлар ESG-факторларды ескеру орнықтырақ және ұзақ мерзімді инвестициялық портфельдерді қалыптастыруға ықпал ететіндігін көбірек сезінуде. ЕУ зерттеулері инвесторлардың 97%-ы инвестициялық шешім қабылдау кезінде ESG-факторларын ескереді⁸. ESG-компанияларға бизнесті орнықты жүргізу бойынша барған сайын жоғары талаптар қоюда, ал қаржылық реттеушілер ESG-ақпаратты ашу және ESG-тәуекелдерді қаржы ұйымдарының қызметіне интеграциялау талаптарын енгізуде. Орталық Азия елдерінде қаржылық реттеушілер мен қаржы институттарының өздері, әсіресе банктер, халықаралық трендтерден шет қалмай, қаржылық және инвестициялық қызметке ESG-қағидаттарын енгізу бойынша шаралар қабылдауда.

ҚАЗАҚСТАН

2021 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі АХҚО жасыл қаржы орталығы мен Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы өзірлеген ұлттық жасыл таксономияны қабылдады. Құжатта жасыл облигациялар мен несиелер арқылы қаржыландыруға арналған қолайлы жасыл жобалардың негізгі өлшемшарттар мен түрлері көрсетілген. Қазіргі уақытта Қазақстанның әлеуметтік таксономия жобасын мемлекеттік органдар одан әрі қабылдау үшін қарауда.

Бұл ретте жасыл қаржыландыру құралдарының анықтамалары Экологиялық кодекске енгізілді. Орнықты облигацияларды шығару, верификациялау және олар туралы есеп беру тәртібі Қазақстанның Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңында көрсетілген. ҚР ҚНРДА сондай-ақ жеке қаулымен осындай құралдарға сыртқы бағалау жүргізуге уәкілетті ұйымдардың түрлерінің тізбесін қабылдады.

ҚР ҚНРДА 2021 жылы SBFN және 2023 жылы Қаржы жүйесін экологияландыру жөніндегі орталық банктер мен қадағалау органдары желісінің (NGFS) мүшесі атанды. SBFN прогресі матрицасындағы Қазақстанның қазіргі позициясы – «дамушы» (Орталық Азия үшін ең жоғары).

2022 жылғы шілдеде ҚР Үкіметінің қаулысымен ҚР-дың 2026 жылға дейінгі инвестициялық саясатының тұжырымдамасы бекітілді, онда квазимемлекеттік сектордағы қазақстандық институционалдық инвесторларға өздерінің инвестициялық стратегияларын қайта қарау және инвестициялық декларацияларға құралдың жеке түрі ретінде жасыл облигацияларға инвестициялаудың міндетті үлесін белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізу ұсынылды.

2022 жылғы қыркүйекте ҚР Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды, онда қаржы секторына ESG-қағидаттарды енгізу бойынша негізгі жоспарланған шаралар көрсетілген.

2023 жылғы наурызда ҚР ҚНРДА Қазақстанның қаржы нарығын реттеуде ESG қағидаттарын енгізу жөніндегі Жол картасын бекітті, оған сәйкес 2023 жылы қаржы ұйымдарының ESG-ақпаратты ерікті ашуы, ал 2024 жылдан бастап қаржы ұйымының жариялайтын жылдық есебінің шеңберінде міндетті түрде ашуы енгізілді. Сондай-ақ ҚР ҚНРДА қаржы ұйымдарында экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару (ESRM) жөніндегі нұсқаулықты, сондай-ақ қаржы ұйымдары үшін ПГ шығарындыларын есептеу және банктердің кредиттік портфельдерінің көміртегі ізін бағалау жөніндегі нұсқаулықты өзірледі.

KASE листингтік компаниялардың жылдық есептерін дайындау кезінде ESG-ақпаратты ашу бойынша талап енгізді. AIX 2022 жылдың маусымында AIX листингтен өткен компаниялар үшін ESG-есептілік бойынша нұсқаулықты келесі жылдары «сақта немесе түсіндір» форматына кейін көшумен ерікті негізде пайдалану үшін жариялады.

Бірқатар қазақстандық банктер қазірдің өзінде өз қызметіне ESG-қағидаттарды енгізуде және орнықты даму жөнінде есептерді дайындауда.

⁸ EY. How ESG creates long-term value

2022 жылдың қорытындысы бойынша Halyk Bank пен Jusan Bank-ті PWC ESG-ақпаратты ашу деңгейі бойынша үздік қаржы компаниялары деп таныды. Бұл банктер жыл сайын орнықты даму туралы есептерін жеке құжаттар ретінде жариялайды. Қалған банктер ESG-ақпаратты жылдық есептерінде ашады. Сонымен қатар, 2022 жылы Best Bank Awards for Kazakhstan 2022 жыл сайынғы іріктеу нәтижелері бойынша Asiamoney халықаралық қаржы басылымының сарапшылары Halyk Bank-ті үздік ESG-банк деп таныды. 2023 жылы ҚДБ Sustainable Fitch-тен ESG-рейтингті елде алғашқылардың бірі болып алды. ҚДБ елдегі банктердің арасында жасыл облигациялар сияқты орнықты қаржыландыру құралдарын шығару бойынша ең белсенді эмитент болып табылады, олардан түсетін түсімді банк жасыл жобаларды қаржыландыруға жұмсайды. Halyk Bank пен БЦК төмендетілген мөлшерлемені электромобильдерді сатып алуға жасыл кредиттер береді. БЦК Жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасы (GEFF) шеңберіндегі ЕҚДБ кредиттік желісі бойынша ЖЭК, энергия тиімділігін арттыру жобаларын және т.б. қоса алғанда, басқа да жасыл жобаларға жеңілдікті кредиттер береді. Жалпы, Қазақстандағы банктер жасыл жобаларға кредит беру кезінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының жасыл жобаларды жүзеге асыруға беретін кредиттердің сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды пайдаланады.

ҚЫРҒЫЗСТАН

2021 жылғы желтоқсанда Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларымен Банк жүйесін дамытудың, сондай-ақ микроқаржыландыру секторын дамытудың 2022–2025 жылдарға негізгі бағыттары бекітілді, онда орнықты қаржыландыру қағидаттарын (жасыл қаржыландыру) енгізуді көзделген. Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкі Қадағалау комитетінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен Орнықты қаржыландыру факторларымен байланысты қаржылық тәуекелдерді (ESG-тәуекелдер) анықтау, мониторингтеу және ашу бойынша ұсынымдар бекітілді, оның мақсаты – орнықты қаржыландыру қағидаттарын қолданатын коммерциялық банктердің, банктік емес қаржы-кредиттік ұйымдардың және Ұлттық Банк қадағалайтын басқа да заңды

тұлғалардың қызметіндегі экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын (ESG-тәуекелдер) анықтау, өлшеу, басқару, бақылау және ашу үшін ұсынымдық сипаттағы нұсқаулықты ұсыну.

2023 жылдың мамыр айында Қырғыз қор биржасы ESG өлшемшарттары бойынша есептерді әзірлеу және жариялаудың нұсқаулығын қабылдады. Биржаның сайтында жарияланған ақпаратқа сәйкес, Қырғыз Республикасының Корпоративтік басқару кодексі «сақта немесе түсіндір» қағидаты негізінде міндетті саналатын компаниялар өздерінің ESG-есептерін дайындау және жариялау кезінде осы Нұсқауларды қолдануға міндетті. Барлық басқа компаниялар үшін Нұсқаулықты қолдану ерікті сипатта. Бұдан басқа, Қырғыз қор биржасы орнықты қаржыландыру құралдары бойынша листинг қағидаларын, верификаторларға қойылатын талаптарды қабылдады, биржа талаптарына сәйкес келетін верификаторлар тізбесін жасады.

Орнықты қаржыландыру қағидаттарын енгізу шеңберінде қырғыз банктері электромобильдерді сатып алуға жасыл кредит сияқты жасыл өнімдерді енгізуде. Мысалы, «Дос-Кредобанк» ААҚ электр, гибриді немесе газбен жүретін көліктерді сатып алу үшін кредит/бөліп төлеу ұсынады, ал «Айыл Банк» ААҚ электромобильдер сатып алуға лизинг берген елдегі алғашқы банк болды.

Қырғызстан банктер одағы атынан Қырғызстан 2018 жылы SBFN-ге қосылды. SBFN прогресс матрицасындағы Қырғызстанның қазіргі позициясы – «қалыптасуда (formulating)» деңгейінде.

ТӘЖІКСТАН

Тәжікстанда «Банк Эсхата» ААҚ ESG-саясатты қабылдаған және ОДМ-ды іске асыру үшін басым бағыттарды анықтаған елдегі алғашқы банк. 2024 жылы «Бірінші микроқаржы банкі» ЖАҚ ESG-қағидаттарды енгізуді және жасыл қаржыландыру қағидаттарына кезең-кезеңімен көшуді жоспарлады. «Арванд» банкі ЖАҚ өз қызметіне ESG-қағидаттарын енгізу процесінде.

Орталық Азияның басқа елдеріндегі сияқты Тәжікстанның банк секторында да жасыл автокредиттер танымал жасыл өнім саналады. Мұндай банктердің ішінде «Амонатбанк» мемлекеттік жинақ банкі, «Арванд» банкі

ЖАҚ, «Тәжікстан Коммерцбанк» ААҚ-ты атап өтуге болады. Тек 2023 жылы Амонатбанк осы мақсаттарға 84 кредит берді. «Банк Эсхата» ААҚ, «Спитамен Банк» ЖАҚ, «Бірінші микроқаржы банкі» ЖАҚ жасыл автокредиттерден басқа, өзге де жасыл жобаларға жасыл кредиттер береді. Басқа банктер тарапынан жасыл өнімдерді енгізу процесі жүргізілуде.

ӨЗБЕКСТАН

Өзбекстанның қаржы секторында да ESG-қағидаттарды енгізу тренді біртіндеп байқалады. 2022 жылы Asiamoney халықаралық қаржы басылымының сарапшылары «Узпромстройбанкты» «Өзбекстандағы үздік ESG-банк» номинациясында жеңімпаз деп таныды. Банктің трансформация, жасыл банкингіті дамыту және ESG-қағидаттарды енгізу бойынша IFC-мен және ЕҚДБ-мен бірлесіп атқарған жұмысы ерекше атап өтілді. 2021 жылы банк жасыл банкингіті дамыту саласында атқарған жұмыстары үшін «Орталық Азия өңіріндегі үздік жасыл банк» номинациясы бойынша АХҚО сыйлығын да алды.

Өзбекстанда банк секторы «жасыл» тұтынушылық кредиттеудегі белсенділігімен ерекшеленеді. Мысалы, «Ипотека Банк» АКИБ, «ASIA ALLIANCE BANK» АКБ, Xalq banki АҚ және «Өзбекстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызмет ұлттық банкі» АҚ сияқты банктер жеке тұлғаларға ЖЭК орнатуға арналған жабдықтарды сатып алуға тұтынушылық кредиттер береді.

Осылайша, Орталық Азия елдерінің қаржы секторы ойыншыларының арасында Қазақстан мен Қырғызстанның қаржылық реттеушілері мен қор биржалары ESG саласында реттеуші талаптарды енгізуде алдыңғы қатарда болса, Өзбекстан мен Тәжікстанда банктер мамандандырылған жасыл өнімдерді, атап айтқанда, электромобильдер мен ЖЭК жабдықтарын сатып алуға жасыл кредиттер ұсынуда белсендірек, бұл жергілікті тұрғындар мен бизнестің осы технологияларға сұранысының жоғары болуына байланысты болуы да мүмкін.

III. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ КЛИМАТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА МҰҚТАЖДЫҒЫ

ЕЛДЕРДІҢ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС САЛАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

Орталық Азия елдеріне өздерінің климаттық міндеттемелерін орындау және төмен көміртекті экономикаға көшу үшін орасан зор қаржыландыру қажет болады.

Өңірдің жаңартылатын энергияны, атап айтқанда, гидро-, жел және күн энергиясын өндірудің жоғары және негізінен пайдаланылмаған өлеуетін ескере отырып, 2050 жылға қарай таза нөлдік шығарындылар сценарийіне көшу 30 жыл ішінде энергияға жалпы инвестицияның «әдеттегі бизнес жүргізу» сценарийімен салыстырғанда кемінде 2,15%-ке, 1,437 трлн АҚШ долларына дейін ұлғаюына әкеледі⁹.

ДБ-ның алдын ала бағалауынша, 2030 жылға қарай Орталық Азияның энергетикалық жүйесіне салынатын инвестициялар күн, жел, гидроэнергияны және өзара байланысты жақсарту үшін ұлттық және өңірлік желілерді жаңғыртуды қоса алғанда, шамамен 20 млрд АҚШ долларын құрайды.

Жекелеген елдердің қаржылық қажеттіліктеріне келетін болсақ, Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясына сәйкес, төмен көміртекті дамуға және көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуге ықпал ететін технологияларға таза инвестициялар 610 млрд АҚШ долларына бағаланады, оның ішінде тікелей мемлекеттік инвестициялар жалпы инвестициялар көлемінің аз ғана үлесін, 3,8% құрайды.

Қажетті инвестициялардың жартысынан астамы немесе 386,3 млрд АҚШ доллары – шикізат секторларынан экономиканың анағұрлым «жасыл» секторларына қайта

бағытталатын экономикадағы қолданыстағы және айналымдағы инвестициялар, қалған бөлігі немесе 223,7 млрд АҚШ доллары – жаңа инвестициялық ресурстар.

Қырғызстанның климаттың өзгеруі саласындағы мақсаттары үшін жұмсарту және бейімдеу шараларын іске асырудың жалпы есептік құны жеке ресурстары, жеке сектор, халықаралық донорлар, ұлттық бюджет қаражаты есебінен шамамен 10 млрд АҚШ долларын құрайды, бұл ретте шығындардың 63% халықаралық қаржылық қолдауға келеді. Табиғи апаттар жиі болып тұратын, табыс деңгейі ортадан төмен ел үшін мұндай көлемдегі инвестициялар елеулі болып табылады¹⁰.

Өзбекстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін 94 млрд АҚШ доллары көлеміндегі қаржыландыруды қажет етеді¹¹. Өзбекстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері бойынша Өзбекстанның электр энергетикалық саласын 2030 жылға дейін декарбонизациялауға инвестициялардың жылдық қажеттілігі жылына 4 млрд АҚШ долларына немесе ЖІӨ-нің 4,8%-іне бағаланады¹².

Тәжікстан Республикасындағы «жасыл» экономиканы дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес, Стратегияны іске асыруға қажетті қаражаттың жалпы көлемі 21,6 млрд сомониді (~ 2 млрд АҚШ долларын) құрайды, оның ішінде 12 818,4 млн сомони (~ 1 млрд-тан астам АҚШ доллары) даму бойынша серіктестер бөлген қаражаттан және 8 730,8 млн сомони (~ 800 млн АҚШ доллары) жеке сектор инвестициялары есебінен, қалғанын мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландыру жоспарлануда. Стратегияны қаржыландыруда шетелдік

⁹ UNECE. БҰҰ мәліметтері бойынша, Орталық Азия 2050 жылға қарай көміртегі шығарындыларының нөлдік деңгейіне жету үшін инвестициялардың кең көлемде өсуін емес, ауқымды өзгерісті қажет етеді

¹⁰ UNFCCC. Қырғыз Республикасының ұлттық деңгейде айқындалатын жаңартылған үлесі, 2021 жыл

¹¹ РБК трендтері. Жасыл, әлеуметтік, жауапты: Орталық Азиядағы ESG. №2 шолу

¹² Дүниежүзілік Банк. Саяси диалогтар — Өзбекстан Республикасындағы «жасыл» есу және климаттың өзгеруі

және ішкі инвестициялар маңызды рөл атқарады. Осы мақсатта Стратегияны іске асыру барысында «жасыл» экономика қағидаттарына инвестиция салатын шетелдік және отандық инвесторлардың бастамалары мемлекет тарапынан қолдау табатын болады.

Осылайша, Орталық Азия елдерінде көміртекті-бейтарап экономикаға қол жеткізу орасан зор инвестицияны қажет етеді. Өңір елдері көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін ұлттық ЖІӨ-нің 20%-нан дерлік (Тәжікстан) шамамен 300%-ға (Қазақстан) дейінгі шығындарға тап болуы мүмкін (4-кестені қар.).

БЮДЖЕТТІҢ КЛИМАТТЫҚ ТАҢБАЛУЫ

Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізудің жалпы шығындарының бөлігі саналатын мемлекеттік инвестицияларды бөлек атап өту қажет.

Бюджеттік құжат үкіметтің орталық саяси құжаты екенін және ресурстардың ұлттық мақсаттарға жету үшін қалай бөлінетінін анықтауда маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, қоршаған ортаға және климаттың өзгеруіне байланысты басымдықтар бюджеттік процестің бөлігі ретінде қарастырылғаны жөн. «Жасыл» бюджеттеу бюджеттік процеске «жасыл» перспективаларды енгізу жолдарын іздейтін үкіметтер үшін бірқатар құралдар мен әдістерді ұсынады.

Бұл процестегі бастық құралдардың бірі – бюджетті жасыл / климаттық таңбалау. Бұл құрал әрбір жеке бюджеттік шараны бағалауды және оның жасыл және/немесе климаттық мақсаттарға жету үшін пайдалы немесе зиянды екендігіне байланысты оған «таңба» қоюды қамтиды. Бұл жаттығу егеменді жасыл облигациялар шығару және қаражаттың жұмсалуды одан әрі бақылау контекстінде маңызды.

Өңірде қазіргі уақытта мемлекеттік бюджетті пилоттық таңбалау бойынша жұмысты Қырғыз Республикасының Қаржы министрлігі Дүниежүзілік банктің қолдауымен бірқатар министрліктер бірлесіп жүргізуде, БҰҰДБ қолдауымен бұл жұмыс Қазақстанда да жүргізілуде.

Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасының Министрлер кабинеті «Мемлекеттік бюджет шығыстарының орнықты дамудың ұлттық мақсаттарына сәйкестігін және олардың климаттың өзгеруіне әсерін көрсету (таңбалау) тетіктерін енгізу жөніндегі шаралар туралы» 01.05.2024 ж. № 257 қаулысымен мемлекеттік бюджет шығыстарының орнықты дамудың ұлттық мақсаттарға сәйкестігін көрсету (таңбалау) және олардың климаттың өзгеруіне әсері тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдама мыналарды көздейді:

- бюджеттік шығыстарды орнықты дамудың ұлттық мақсаттарына

4-кесте. Орталық Азия елдерінің климат саласындағы қаржылық қажеттіліктері

	Талап өтілетін қаржыландыру, млрд. АҚШ долл.	Елдің ЖІӨ, млрд. АҚШ долл., 2022 (ДБ мәліметтері бойынша)	ЖІӨ - ге қатынасы, %
Қазақстан	610	225,5	270%
Қырғызстан	10	11,5	87%
Тәжікстан	2	10,5	19%
Түркіменстан	-	56,5	-
Өзбекстан	94	80,4	117%

Дереккөз: UNFCCC. Қырғыз Республикасының ұлттық деңгейде айқындалатын жаңартылған үлесі, 2021 жыл, РБК трендтері. Жасыл, әлеуметтік, жауапты: Орталық Азиядағы ESG. № 2 шолу, ҚР-ның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы, Тәжікстан Республикасында 2023-2027 жылдарға арналған «жасыл» экономиканы дамыту стратегиясы, World Bank Open Data

сәйкестігіне және олардың климаттың өзгеруіне ықпалына жіктеу;

- шығыстарды жіктеудің мақсаты, объектісі және көлемі;
- шығындарды сәйкестендіру және жіктеу тетіктері;
- климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту шараларын және шығындарды жіктеу үшін оларға бейімделу шараларын анықтау;
- шығыстарды жіктеу нәтижелерін жариялау.

ӨР Экономика және қаржы министрлігі осы жіктеуді жүргізеді деп күтілуде.

Бағдарламалық бюджеттеу енгізілгеннен кейін ұзақ мерзімді перспективада шығыстарды климаттық аспект бойынша жіктеуді салалық министрліктер мен ведомстволар жүзеге асыратын болады.

Дамушы елдерде климаттың өзгеруінің салдарын жұмсарту және оған бейімделу шараларын қаржыландыру үшін қажетті ресурстардың орасан зор көлемі халықаралық қаржыландыру көздерінен капиталды жұмылдыруды талап етеді. 2009 жылы Копенгагенде өткен БҰҰ КӨНК Тараптарының 15-ші конференциясында (COP15) дамыған елдер дамушы елдердегі климаттық өзгеруімен күресу әрекеттеріне 2020 жылға қарай жылына 100 млрд АҚШ долларын жұмылдыру жөніндегі ұжымдық мақсатқа қол жеткізуге міндеттеме алды. Мақсат Канкундағы COP16-да қалыптастырылып, Париждегі COP21-де расталды және 2025 жылға дейін ұзартылды.

Париж келісіміне сәйкес, «Дамыған елдер болып табылатын Тараптар дамушы елдер болып табылатын Тараптарға климаттың өзгеруін болғызбау сияқты, бейімделуге де қатысты жәрдем көрсету үшін қаржылық ресурстарды береді» (9.1-бап) және «Дамыған елдер болып табылатын Тараптардың мемлекеттік қорлардың елеулі рөлін атап көрсете отырып, климаттың өзгеруін болғызбау үшін кең ауқымды қаржы көздерінен, құралдардан және арналардан алынатын қаржы қаражатын жұмылдыруда

алдағы уақытта да жетекші рол атқарғаны жөн» (9.3-бап).

Дамыған елдердің сұратуы бойынша ЭЫДҰ 2015 жылдан бастап дамыған елдердің БҰҰ КӨНК сәйкес дамушы елдерде климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл үшін жыл сайын 100 млрд. АҚШ долл. климаттық қаржыландыруды ұсынуы және жұмылдыруы бойынша мақсаттарына жетудегі прогресті бағалайды. ЭЫДҰ әдіснамасына сәйкес дамушы елдерге берілетін және жұмылдырылатын климатқа байланысты дамуды қаржыландыруды төрт компонентке бөлуге болады:

- Дамыған елдердің институттары, атап айтқанда, көмек көрсету жөніндегі екіжақты агенттіктер мен даму банктері ұсынатын екіжақты мемлекеттік климаттық қаржыландыру;
- Дамыған елдерге тиесілі көпжақты даму банктері мен көпжақты климаттық қорлар қамтамасыз ететін көпжақты мемлекеттік климаттық қаржыландыру;
- Дамыған елдердің ресми экспорттық-кредиттік агенттіктері беретін климатқа байланысты ресми қолдау көрсетілетін экспорттық кредиттер;
- Дамыған елдерге тиесілі екіжақты және көпжақты мемлекеттік климаттық қаржыландыру есебінен жұмылдырылған жеке қаржыландыру.

Бұл баяндамада халықаралық климаттық қаржыландыру туралы ақпарат ретінде ЭЫДҰ Дамуға жәрдемдесу комитетінің (DAC) кредиторлардың есептілігі жүйесіне (CRS) ұсынылатын климатқа байланысты дамуды қаржыландыру туралы деректер пайдаланылады. Осы деректерге сәйкес 2001-2021 жылдар кезеңінде Орталық Азия елдері 17 млрд. АҚШ. долл. көлемінде халықаралық климаттық қаржыландыруға ие болды.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЛИМАТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ


ХДБ дамушы елдердегі, оның ішінде Орталық Азиядағы Климаттық жобаларды қаржыландыруда шешуші рөл атқарады: ХДБ топ-5 құрамына: ЕҚДБ, ДБ, АДБ, ЕИБ және ИДБ кіреді. Орталық Азия елдеріне екіжақты климаттық қаржыландыруды ұсыну бойынша көшбасшылар – Жапония, Франция, Германия. Халықаралық климаттық қорлардың ішінде қаржыландырудың ең көп көлемін ЖКҚ ұсынады (4-сур. қар.).

Орталық Азия елдерінде климаттың өзгеруін жұмсартуға бағытталған климаттық қаржыландыру көлемі климаттың өзгеруіне бейімделуді қаржыландыру көлемінен айтарлықтай асып түседі, бұл барлық климаттық қаржыландырудың шамамен 70%-ын құрап, әлемдік трендтерге сәйкес келеді (5-сур. қар.). Митигация – парниктік газдар шығарындыларын болдырмау/азайту және олардың сіңірілуі арқылы климаттың өзгеруін жұмсарту. Бейімделу – нақты немесе күтілетін климатқа және оның әсеріне бейімделу процесі. Климаттық қаржыландыруға қол жеткізудегі негізгі

қиындықтардың бірі – бейімделу және митигация (жұмсарту) үшін де – жобаның инвестициялық тартымдылығын сәтті негіздеу. Қолданылатын қаржы құралдарының сипаты бұл мәселені ішінара күшейтеді. Әлемдегі қолданыстағы климаттық қаржыландырудың 94%-ға жуығы қарыз немесе үлестік қаржыландыру түрінде болады, мұнда инвестор әдетте қайтарылмайтын гранттардан гөрі қаржылық табысты күтеді¹³. Әдетте осы негізде бейімделу жобалары үшін қаржыландыруды тарту қиынырақ болады.


Орталық Азияда митигациялық шараларды қаржыландыру көбінесе ЖЭК-ке көшу арқылы ПГ шығарындыларын азайтуға бағытталған. Осыған байланысты барлық елдерде халықаралық климаттық қаржыландырудың ең үлкен көлемі энергетика секторына бағытталады (6-сур. қар.).

Орталық Азия елдерінде климаттық қаржыландырудың қаржылық құралдарының құрылымында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қазақстан мен Өзбекстанда борыштық қаржыландырудың айтарлықтай үлесі бар (94,5% және 97%), бұл негізінен жергілікті коммерциялық серіктестермен бірлесіп



¹³ Eco Ltd Group. The adaptation finance gap: Why is it lagging behind?

5-сурет. Мақсаттар бөлінісінде Орталық Азиядағы халықаралық климаттық қаржыландыру: климаттың өзгеруінің салдарына бейімделу және митигация (жұмсарту), %



Дереккөз: ЭЫДҰ деректері, авторлардың есептеулері
 Ескерту: өңірдегі халықаралық климаттық қаржыландырудың барлық сомасының шамамен 4% бір мезгілде митигациялық және бейімдеу мақсаттарына ие


борыштық қаржыландыруды қамтамасыз ететін ҚДБ-нің болуы үлесінің жоғарылығына байланысты. Бұл ретте Тәжікстан мен Түркіменстанда грант түріндегі климаттық қаржыландыру басым (5-кес. қар.).

Көпжақты климаттық қорлар дамушы елдер үшін орнықты қаржыландырудың маңызды көзі саналады және дамушы елдердегі жасыл, инклюзивті және климаттың өзгеруіне төзімді экономикаға көшуге қаржыландыруды ұсынуға мандаты бар халықаралық келісімдер негізінде құрылған. Қорлардың пайымдары мен миссиялары дамушы елдерге БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы мен Париж келісімін жүзеге

асыруда қолдау көрсетуде ішінара бөлінеді және бірін-бірі толықтырады. Олар дамыған елдердің дамушы елдерге уәде еткен жылына 100 млрд доллар үшін маңызды арнаны құрайды.

Орталық Азиядағы қорлар арасында қаржыландырудың ең ірі көлемі дамушы елдермен жобаларды әзірлеу және іске асыру үшін тікелей жұмыс істейтін 200-ден астам аккредиттелген ұйымдар мен серіктестер желісі арқылы әрекет ететін ЖКҚ-дан алынды. Қор көлік, энергетика, орман және жерді пайдаланумен, сондай-ақ ғимараттармен және өнеркәсіппен байланысты шығарындыларды азайтуға

6-сурет. Халықаралық климаттық қаржыландыру бағытталған Орталық Азия елдері экономикаларының негізгі секторлары, млн. АҚШ долл., 2000-2021 жж.



Дереккөз: ЭЫДҰ деректері, авторлардың есептеулері

бағытталған салдарды жұмсарту бойынша талпыныстарды қолдайды. Ол сондай-ақ денсаулық сақтау, азық-түлік және су қауіпсіздігімен; инфрақұрылым және экожүйемен байланысты орнықтылықты арттыруға бағытталған бейімделу бойынша талпыныстарды қолдайды.

Сонымен қатар, дамушы елдерде әлеуетті арттыру мақсатында ЖКҚ дайындау және дайындықты қолдау бағдарламасын (Readiness program) іске асырады, бұл бағдарлама арқылы дамушы елдердің институционалдық әлеуетін, басқару тетіктерін нығайтуға, сондай-ақ климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі іс-қимылдардың трансформациялық ұзақ мерзімді бағдарламасын іске асыруды жоспарлауға бағытталған бастамаларына қолдау білдіреді.

Бүгінгі таңда ЖКҚ-ның Орталық Азия елдерінде қаржыландыруы негізінен ХДМ-мен серіктестік арқылы жүзеге асырылады. ЖКҚ сайтындағы соңғы мәліметтер бойынша, Орталық Азия елдері үшін бөлінген қаржыландырудың жалпы көлемі 468 млн. АҚШ долл. құрайды (6-кест. қар.).

Қаржыландыруға қол жеткізу үшін ұйымдар қаржыны тиімді басқара алатынын бағалауға арналған аккредиттеу процесінен өтуі керек. Бүгінгі таңда Орталық Азия аумағында бір ғана ұлттық институт ЖКҚ-да аккредиттелген, ол – Қырғызстанның даму және инвестициялау қоғамдастықтары агенттігі (ДИҚА) 2024 жылғы наурызда ЖКҚ қаражатына тікелей қол жеткізу үшін аккредиттелді.

5-кесте. Қаржы құралдарының түрі бойынша Орталық Азия елдеріндегі халықаралық климаттық қаржыландыру, 2000-2021 жж.

	Қаржыландырудың жалпы көлемі, млн. долл. АҚШ	Қарыз құралдарының үлесі	Гранттар үлесі	Үлестік қаржыландыру және ұжымдық инвестициялық компаниялардағы үлестер
Қазақстан	4481	94,5%	3,5%	2%
Қырғызстан	1358,1	55%	45%	-
Тәжікстан	2355	37%	63%	-
Түркіменстан	88,2	21%	79%	-
Өзбекстан	9182	97%	3%	-
БАРЛЫҒЫ	17464,3	85,1%	14,8%	0,1%

Дереккөз: ЭЫДҰ деректері, авторлардың есептеулері

6-кесте. Орталық Азия елдеріндегі ЖКҚ-ның қаржыландыру көрсеткіштері

	Жобалар саны	ЖКҚ қаржыландырудың жалпы көлемі, млн. АҚШ долл.	Дайындықты қамтамасыз ету бойынша мақұлданған қолдау (Readiness), млн. АҚШ долл.	Дайындықты қамтамасыз ету бойынша төленген қолдау (Readiness), млн. АҚШ долл.
Қазақстан	3	173	4,3	1,5
Қырғызстан	4	73,8	4,3	3,5
Тәжікстан	6	91	5,1	3,0
Түркіменстан	-	-	3	2,4
Өзбекстан	5	130,2	2,2	2,0
БАРЛЫҒЫ	18	468	18,9	12,4

Дереккөз: ЖКҚ ресми веб-сайты www.greenclimate.fund

IV. ӨҢІР ЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НАРЫҚТАРЫ

Климаттың өзгеруімен күресу және оның салдарына бейімделу, климаттың өзгеруінің алдын алу және қоршаған ортаны қорғау үшін жасыл жобалар мен төмен көміртекті технологияларды іске асыру – өте көп капиталды талап ететін шара. Өңірдегі климаттық жобаларды қаржыландыруға халықаралық климаттық қорлар мен көпжақты даму банктерінің белсенді қатысуына қарамастан, «жасыл» трансформацияны және экономиканы декарбонизациялауды қаржыландыруға қажеттілік әлі де үлкен.


Үкіметтер мен жергілікті компаниялар үшін орнықты даму саласындағы инновациялық қаржы құралдарын пайдалану арқылы халықаралық қарыз нарықтарында қаржыландыруды тартудың үлкен әлеуеті бар. Жасыл облигацияларды, яғни түсімдері климаттық және экологиялық жобаларды қаржыландыруға жұмсалатын облигацияларды шығару, төмен көміртекті даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізудің тиімді және танымал тәсілі.

Жасыл облигациялармен қатар, соңғы онжылдықта орнықты даму мақсаттарының кең ауқымын қаржыландыру құралдары: әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары, сондай-ақ орнықты дамуға байланысты облигациялар барған сайын танымал болуда.

Дүниежүзілік банктің ақпаратына сәйкес (Bloomberg деректерінің негізінде), орнықты дамудың борыштық құралдарының жаһандық нарығының көлемі қарқынды өсімді көрсетіп, 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша жиынтық көлемі 4,6 трлн АҚШ долларына жетті. Оның 2,9 трлн АҚШ долларын немесе шамамен 64%-ын жасыл облигациялар құрады. Орнықтылық тақырыбындағы облигациялардың ең ірі эмитенттері ұлттықтан жоғары халықаралық ұйымдар, ал елдер арасында АҚШ, Франция және Қытай болып табылады.

Environmental Finance деректерінше, 2023 жылы бойынша орнықты даму тақырыбында облигациялар шығарылымының жаһандық көлемі 982 млрд АҚШ долларын құрады. Құрал түрі бойынша 2023 жылы жалпы көлемнің 59% құрап, жасыл облигациялар басым болды, одан кейін 18% үлесі бар әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары - 16% және орнықты дамумен байланысты облигациялар - 7% болды (7-сур. қар.).

S&P Global Ratings жасыл, әлеуметтік, орнықты және орнықты дамумен байланысты облигациялар шығарылымы 2024 жылы 1,05 трлн АҚШ долларына дейін артуы мүмкін деп күтеді.




Жасыл облигациялар барлық өңірлерде экологиялық жобаларға сұраныстың өсуіне байланысты орнықты қаржыландыру нарықтарында үстемдік етуді жалғастырады деп күтілуде. Орташа және төмен кірісі бар елдердегі эмитенттер қаржыландыруға деген қанағаттандырылмаған қажеттіліктерін ескере отырып, тақырыптық облигациялар шығарылымдарындағы үлестерін арттыруға ұмтылады деп те күтілуде.

Үкіметтер мен корпоративтік эмитенттердің орнықты қаржыландыру құралдарын шығаруы жергілікті орнықты қаржыландыру нарықтарын дамытуды талап етеді, бұл өз кезегінде ұлттық қаржы инфрақұрылымын озық халықаралық практикаға сәйкестендіруді, тиісті экожүйені құруды, стандарттар мен нормативтік-құқықтық реттеуді қабылдауды, ынталандыру және қолдау тетіктерін енгізуді, нарық қатысушыларының өлеуетін ұлғайтуды талап етеді.

Орталық Азия елдері орнықты қаржыландыру саласындағы халықаралық трендтерден шет қалмайды және мұнда орнықты қаржыландырудың жергілікті нарықтарын дамыту да қарқын алууда. Бүгінгі таңда қолжетімді ақпарат негізінде Орталық Азияның орнықты қаржыландыру нарығы шамамен 2,7 млрд АҚШ долларын құрайды (8-сур. қар.), оның ішінде:

- **Қазақстан нарығы** – 1 389 млн АҚШ долл. США (корпоративтік сектор эмитенттерінің және көпжақты даму банктерінің тіркелген жасыл, әлеуметтік облигациялары, орнықты дамумен байланысты облигациялары, орнықты облигациялар және халықаралық стандарттарға сәйкес таңбаланған «жасыл» кредиттері).
- **Өзбекстан нарығы** – 1 316 млн АҚШ долл. (егеменді ОДМ облигациялары, егеменді жасыл облигациялар, Узпромстройбанк пен «SAIPRO GROUP» ЖСК корпоративтік жасыл облигациялары).
- **Тәжікстан нарығы** – 10 млн АҚШ долл. («Банк Эсхата» ААҚ-ның жасыл облигациялары).
- **Қырғызстан нарығы** – шамамен 1,9 млн АҚШ долл. («Доскредобанк» ААҚ жасыл облигациялары мен «Азия Банкі» ЖАҚ гендерлік облигациялары).

Өңір елдерінің ішінде тек Қазақстанда жасыл кредиттеу саласындағы халықаралық



стандарттарға сәйкес, атап айтқанда Кредиттік нарық қауымдастығының (Loan Market Association, LMA) және Синдикатталған кредиттеу мен қайталама кредиттік нарық қауымдастығының (Loan Syndications and Trading Association, LSTA) Жасыл кредиттер қағидаттарына (GLP) сәйкес таңбаланған кредиттер туралы деректер бар. Дегенмен, Қазақстанда да, өңірдің басқа елдерінде де халықаралық және жергілікті банктер қоршаған ортаға оң әсер ететін және тиісінше шартты түрде «жасыл» деп атауға болатын жобаларды, шығындар мен активтерді қаржыландыруға кредиттер береді.

Мысалы, ЕҚДБ GEFF бағдарламасы аясында жеке тұлғалар мен шағын және орта бизнесті одан әрі кредиттеу үшін жергілікті қаржы институттарына кредиттік желілер ұсынады. Бұл қаражат ЕҚДБ-ның «Жасыл» экономикаға көшу бағдарламасына — ПГ шығарындыларын азайту және энергия тиімділігін арттыру бойынша кешенді стратегияға сәйкес климатқа теріс әсерді барынша азайтатын жобаларға инвестициялау үшін пайдаланылады. GEFF сайтындағы ақпаратқа сәйкес, өңірдегі елдер арасында бағдарлама Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанда жұмыс істейді. ЕҚДБ сайтындағы ақпаратқа сәйкес, Орталық Азиядағы GEFF пилоттық кезеңі аясындағы жобалар портфелінің жалпы сомасы шамамен 170 млн АҚШ долларын құрады: Қазақстанда 2020-2023 жылдары 30 млн АҚШ долл. сомасына жобалар қаржыландырылды, Қырғызстанда 2012-2022 жылдары – 55 млн АҚШ долл., Тәжікстанда 2019-2023 жылдары – 25 млн АҚШ долл., Өзбекстанда 2019-2022 жылдары – 60 млн АҚШ долл. Қазіргі уақытта өңірдегі қаржыландырудың жиынтық көлемі шамамен 340 млн АҚШ долларын құрайтын GEFF іске асыру келесі фазалары бекітілген: Қазақстанда – 150 млн АҚШ

долларына дейін, Өзбекстанда – 90 млн АҚШ долл., Қырғызстанда – 50 млн АҚШ долларына дейін, Тәжікстанда – 50 млн АҚШ долл.

Осылайша, таңбаланбаған жасыл кредиттерді қоспағанда, Орталық Азиядағы орнықты қаржыландыру нарықтары негізінен орнықты даму тақырыбындағы облигациялардан тұрады. (9-сур. қар.).



ҚАЗАҚСТАН

Орталық Азия елдерінің ішінде жергілікті корпоративтік орнықты қаржыландыру нарығын дамытуда ең үлкен прогресс Қазақстанда байқалады. 2016 жылы Қазақстанда АХҚО құру және АХҚО-ны өңірдегі негізгі қаржы орталығы ретінде құрудағы басымдықтардың бірі ретінде жасыл қаржыны дамытуды анықтау басты мәселе болды. Жасыл қаржыландыру саласын дамыту үшін АХҚО құрамында Жасыл қаржы орталығы құрылды. Жасыл қаржы орталығының жасыл қаржы құралдарын шығарудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын құру бойынша жүргізген кешенді жұмысының арқасында 2020 жылы АІХ-та Қазақстан мен Орталық Азия үшін дебюттік жасыл облигациялар шығарылды.

АХҚО Жасыл қаржы орталығының негізгі бағыттарының бірі Қазақстанда және өңір елдерінде орнықты қаржыландыру нарығының жұмыс істеуі үшін ұсынымдар жасау және нормативтік-құқықтық негізді әзірлеу болып табылады. Орталық Қазақстандағы жасыл қаржыландыру жүйесі үшін реттеуші базаны құру бойынша жұмыс жүргізді, атап айтқанда, жасыл қаржыландыру бойынша келесі құжаттар әзірленді:

- Жасыл қаржыландырудың құралдары мен қағидаттарын енгізу және дамыту тұжырымдамасы, онда Қазақстандағы жасыл қаржыландыру жүйесіне алғаш рет шолу жасалды, кедергілер қарастырылды және одан әрі даму жөнінде ұсынымдар берілді, АХҚО-ның жүйені дамытудағы орталық үйлестіруші рөлі белгіленді (2017 ж.);
- АІХ-те жасыл облигациялар шығару қағидалары (2018).

Бұдан басқа, АХҚО Жасыл қаржы орталығы ұғымдық аппаратты үйлестіруге және Қазақстандағы жасыл қаржы нарығын ынталандыруға бағытталған жаңа Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі мен Кәсіпкерлік кодексінің редакциясында «жасыл қаржыландыру» ұғымын бекіту бойынша ұсыныстар енгізді, сондай-ақ жасыл жобалар стандарты мен ынталандыру шаралары әзірленді:

- «Жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың жіктемесі (таксономиясы)» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысымен бекітілді);
- Жасыл облигациялар мен кредиттерді купондық және пайыздық мөлшерлемелерді

субсидиялау, сондай-ақ жасыл облигацияларға көпілдік беру тетігі сияқты экономикалық ынталандыру шаралары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 43 қаулысымен бекітілген; операторы – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры).

Жасыл таксономия – бұл бар табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін, энергияны үнемдеуді арттыруға, климаттың өзгеруі салдарын жұмсартуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған экономикалық қызмет түрлерінің жіктемесін, жобалар мен активтер санаттарын білдіретін бірыңғай жүйе. Таксономияны қабылдау нарық қатысушыларының орнықты тақырыптағы қаржы құралдарына, оның ішінде ел экономикасының төмен көміртекті дамуға көшуі жөніндегі жобаларға қызығушылығының өсуіне ықпал етті. 2024 жылғы наурызда Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясының басымдықтарын ескере отырып, АХҚО Жасыл қаржы орталығының бастамасымен ҚР Жасыл таксономиясына толықтырулар қабылданды.

Осылайша, бүгінде Қазақстанда, оның ішінде АХҚО Жасыл қаржы орталығы жүргізіп жатқан жұмыстың арқасында жасыл қаржыландыру нарығының жұмыс істеуі үшін заңнамалық және реттеуші негіз құрылды. Өзінің құқықтық мәртебесі мен мүмкіндіктерінің арқасында, сондай-ақ елдің географиялық орналасу жағдайы ескерілуімен, АХҚО Орталық Азия мен Шығыс Еуропа өңірінде жасыл қаржыландыру құралдарын дамытуға және басқаруға ықпал ететін жасыл қаржының өңірлік хабына айналу әлеуетіне ие.

Қазіргі уақытта АХҚО Жасыл қаржы орталығы ESG-қаржыландырудың техникалық өлшемшарттары жүйесін одан әрі дамыту мақсатында ҚР Әлеуметтік таксономиясының жобасын – әлеуметтік облигацияларды шығару және әлеуметтік кредиттерді тарту мақсатындағы әлеуметтік жобалардың жіктеуішін өзірледі. ҚР Жасыл таксономиясымен аналогия бойынша аталған таксономия әлеуметтік қаржы, сондай-ақ орнықты даму жобаларын дамыту саласындағы жүйелі құжатқа айналуы мүмкін. Ол капитал нарығының қатысушылары үшін басым әлеуметтік бағдарланған қызмет түрлерін, әлеуметтік жобаларды іріктеудің өлшемшарттары мен шектерін сипаттайтын түсінікті «координаттар жүйесін» ұсынады.

Ұсынылған әдіснамалық құрал әлеуметтік жауапты инвестициялу нарығына қатысушылардың әлеуметтік облигациялар мен кредиттер сияқты қаржы құралдарын пайдалануы кезінде әлеуметтік аспектілерді өлшеудің күрделілігі, атап айтқанда нақты анықтамалар мен жіктеу жүйелерінің жоқтығы мәселесін шешуге бағытталған.

2023 жылы Қазақстанда орнықты даму саласындағы жаңа қаржы құралының – атап айтқанда Орталық Азиядағы орнықты дамуға байланысты бірінші облигациялардың (Sustainability-linked bonds) шығарылғаны, АІХ-те 236,8 млрд теңгеге дейінгі мөлшерде «Алматы электр станциялары» АҚ (бұдан әрі – АлЭС) орналастыру жоспарланғаны туралы жарияланды. АлЭС пен ЕАДБ арасындағы тиісті келісімге АХҚО алаңында 2023 жылғы 30 қарашада қол қойылды.



ЕАДБ-дан басқа, негізгі инвестор, жобаның әлеуетті инвесторлары басқа даму институттары мен екінші деңгейдегі банктер бола алады. АлЭС орнықты даму облигацияларының дебюттік шығарылымы АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен іске асырылады, ол консультациялық сүйемелдеді және облигациялардың орнықты даму қағидаттарына сәйкестігі туралы тәуелсіз қорытынды берді.

Пайда болған қысқа мерзім ішінде 2020 жылдан бастап Қазақстанның орнықты қаржыландыру нарығы 1 389 млн. АҚШ долларына жетті (барлық тіркелген шығарылымдардың ескерілуімен), осы көлемнің шамамен 80%-ын АХҚО Жасыл қаржы орталығы верификациялады.

Сонымен қатар, қазақстандық эмитенттердің сыртқы нарықтарда орналастырған орнықты облигацияларының шығарылымдары бар. Осылайша, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ 2024 жылдың сәуірінде Вена алаңында айналым мерзімі 3 жыл болатын 100 млрд теңге (~ 226 млн

АҚШ долл.) сомасына орнықты даму еурооблигацияларын шығарды (листинг KASE алаңында да жүзеге асырылды). Бұл орналастыру ТМД елдерінің егеменді емес эмитенті үшін орнықты даму еурооблигацияларының жергілікті валютадағы бірінші шығарылымы болып табылады.

ҚЫРҒЫЗСТАН

2022 жылдың қарашасында Қырғызстанда орнықты даму тақырыбына арналған алғашқы облигациялар – гендерлік облигациялар шығарылды. «Азия Банкі» ЖАҚ кәсіпкер әйелдердің бизнесін дамытуға, әйелдердің әлеуметтік және тұрмысын жақсартуға, гендерлік теңдікке қол жеткізуге және әйелдердің құқықтары мен экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған гендерлік облигациялардың алғашқы эмитент-банкі болды. 82 млн сом (~ 0,9 млн АҚШ долл.) сомасына үш жылдық облигациялар Қырғыз қор биржасында орналастырылды.



Дереккөз: «Азия Банкі» ЖАҚ баспасөз релизі

2022 жылдың қарашасында АХҚО Жасыл қаржы орталығы Қырғызстанның Табиғи ресурстар, экология және техникалық қадағалау министрлігімен бірлесіп Қырғыз Республикасының орнықты қаржыландыру таксономиясының жобасын (жасыл, әлеуметтік жобалар жіктеуіші) дайындап, таныстырды, ол Қырғызстандағы орнықты қаржыландыру нарығына одан әрі импульс беруге тиіс. Қазіргі уақытта ұлттық стандартты әзірлеу мәселесі Экономика және коммерция министрлігіне берілді, ол бірінші кезеңде тек жасыл таксономияны шығаруды жоспарлап отыр.

Қырғызстандағы алғашқы жасыл облигациялар да АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен 2023 жылдың маусымында шығарылды. Эмитент «Дос-Кредобанк» ААҚ болды, ол жалпы сомасы 85 млн сомға (~ 1 млн АҚШ доллары) жасыл облигациялар шығарды. Бұл облигациялар Қырғыз қор биржасында үш жыл мерзімге орналастырылды. Тартылған инвестициялар «жасыл» және энергияны үнемдейтін технологияларды пайдалана отырып, экологиялық таза материалдардан үйлер мен үй-жайларды салуды; экологиялық таза көлікті, электромобильдерге зарядтау құрылғыларын орнату және т.б. қоса алғанда, жасыл жобаларды қаржыландыруға арналған.

ТӘЖІКСТАН

Тәжікстанның қабылданған стратегиялық құжаттарға сәйкес елдегі жасыл қаржыландыру нарығын дамыту бойынша өршіл жоспарлары бар. Тәжікстан Республикасындағы 2023–2037 жылдарға арналған «жасыл» экономиканы дамыту стратегиясына сәйкес жаһандық жасыл инвестициялар нарықтарында жасыл қаржыландыруды тарту үшін жасыл облигациялар нарығына шығу тәжірибесін арттыруға; жаһандық және өңірлік жасыл облигациялар нарығына шығу үшін мамандарды дайындауға; жасыл облигациялар саласындағы заңнаманы жетілдіруге; «жасыл» экономика қағидаттарын ескере отырып, инвестицияларды тартудың анық тетігін қалыптастыруға назар аудару ұйғарылған.

Тәжікстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанында орнықты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларды қолдаумен және қаржыландырумен айналысатын, сондай-ақ жаңартылатын энергиямен, сумен жабдықтауды жақсартумен, ауылды дамытумен және экологиялық орнықтылыққа ықпал ететін басқа да аспектілермен байланысты жобаларды үйлестіру мен іске асыруға жауапты «Жасыл» жобаларды іске асыру жөніндегі орталық жұмыс істейді.

«Банк Эсхата» ААҚ – Тәжікстанның ең ірі коммерциялық банктерінің бірі IFC-мен бірлесіп, «жасыл» қаржыландыру қағидаттарын әзірлеу және енгізу бойынша бірлескен жобаны бастады, соның нәтижесінде 2024 жылдың ақпан айында 10 млн АҚШ долл. сомасына елдің алғашқы жасыл облигацияларын шығарды¹⁴. Бұл облигациялар елдегі орнықты дамуға ықпал ету және климаттың өзгеруіне қарсы күрес жолындағы шешуші

¹⁴ Эсхат Банкі. Тәжікстан Республикасында Жасыл облигациялардың алғашқы шығарылымы

қадамды білдіреді. Шығарылымнан түскен түсім Банкке елдегі шағын және орта бизнесті жасыл жобаларды жүзеге асыруда қолдауға мүмкіндік береді.



Дереккөз: «Банк Эхсата» ААҚ баспасөз релизі

Орнықты даму тақырыбындағы егеменді шығарылымға келетін болсақ, Тәжікстан Республикасы Қаржы министрлігі «Климаттың өзгеруін ескере отырып іскерлік ортаны жақсарту және «жасыл» жұмыспен қамту мүмкіндіктерін арттыру бағдарламасы» жобасы аясында 2024 жылы егеменді жасыл облигациялар шығаруды және оларды 2025 жылы орналастыруды жоспарлап отыр.

ӨЗБЕКСТАН

Өзбекстанда көрші елдерге қарағанда орнықты қаржыландырудың ішкі нарығында мемлекет үстемдікке ие. Өзбекстан - Орталық Азиядағы, ТМД-дағы және әлемде алғашқылардың бірі болып Орнықты даму мақсаттары үшін егеменді облигацияларды шығарған елдің бірі. Өзбекстан 2021 жылы ОДМ-ге ¹⁵ қол жеткізу жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін 235 млн АҚШ долл. сомасына облигациялар шығарды, оның ішінде келесі жобаларды жүзеге асыру бар: Ташкент қаласында жерүсті және жерасты метросын салу, ауруханалар, мектептер, балабақшалар, ауыз сумен жабдықтау және көріз нысандарын, суару жүйелерін салу және реконструкциялау, сондай-ақ балаларды вакцинациялау бағдарламасы.

2023 жылдың тамызында «Узпромстройбанк» 100 млн АҚШ долларына жасыл еурооблигациялар орналастырды. Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі инвестор болды. Бес

жылдық облигацияларды орналастыруға IFC, Германияның дамуды қаржыландыру институты және Австрия даму банкі де қатысты¹⁶.

2023 жылдың қазан айында БҰҰДБ қолдауымен Өзбекстан алғаш рет жергілікті валютада номинацияланған 4,25 трлн сум (~ 337 млн АҚШ долл.) көлеміндегі жасыл егеменді еурооблигацияларды орналастырды, оның кірістілігін инвесторлардың жоғары сұранысына байланысты төмендете алды. ӨР Экономика және қаржы министрлігі жасыл облигациялардан түсетін түсімдер суды үнемдейтін технологияларды енгізу, темір жол көлігі мен метроны дамыту, санитарлық тазалауды ұйымдастыру және елді мекендердің тазалығын күтіп ұстау, сондай-ақ жел эрозиясынан және су нысандарының лайлануынан қорғайтын орман екпелерін жасау сияқты жасыл жобаларды қаржыландыруға бағытталатынын атап өтті.



Дереккөз: Өзбекстан БҰҰДБ баспасөз релизі

2023 жылғы 25 қазанда Өзбекстан Республикасында 2030 жылға дейін «жасыл» экономикаға көшу және «жасыл» өсуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарына (02.12.2022 жылғы № ПП-436 бекітілген) сәйкес қызметтердің «жасыл» түрлерін жіктеу үшін Ұлттық «жасыл» таксономия әзірленіп, бекітілді, ол қызметтердің «жасыл» түрлерін жіктеу негізінде қызмет түрлерінің санаттарын анықтауды және сәйкестік өлшемшарттарын бағалауды көздейді. Құжатта жасыл облигациялар мен кредиттер есебінен қаржыландырылатын «жасыл» жобалардың санаттары мен жіктеу өлшемшарттарына анықтама берілген. Қазіргі уақытта таксономия тәжірибелік режимде жұмыс істеуде және 2024 жылдың соңына қарай толықтай енгізіледі.

¹⁵ БҰҰДБ. Өзбекстанның ТДМ облигацияларын орналастыру және олардың әсері туралы алғашқы есебі

¹⁶ Spot.uz. «Узпромстройбанк» 100 миллион долларға «жасыл» еуробондтарды орналастырды

2023 жылдың желтоқсан айында АХҚО Жасыл қаржы орталығы Өзбекстан Республикасының Тікелей инвестициялар қорымен бірлесіп, «SAIPRO GROUP» ЖШҚ-ның 4 млн АҚШ долл. сомасына алғашқы корпоративтік жасыл облигацияларын шығаруға белсенді түрде ықпал етті. SAIPRO GROUP жасыл облигациялары Өзбекстанның коммерциялық банктері мен даму қорлары арасында орналастырылды. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат «Green Hills Resort» демалыс орнының құрылысында экологиялық технологияларды енгізу жобасын жүзеге асыруға бағытталатын болады.

2024 жылдың мамыр айында ӨР Қаржы министрлігі 3 жыл мерзімге 600 млн еуро (~ 640 млн АҚШ долл.) сомасына егеменді ОДМ-облигациялардың екінші шығарылымын жүзеге асырды ¹⁷.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ GIP ӨҢІРЛІК КЕҢСЕСІНІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

2021 жылдың мамыр айында Орталық Азиядағы «Белдеу және жолға» арналған Жасыл инвестициялар қағидаттары (Green Investment Principles, GIP) халықаралық бастамасы жұмысын бастады. Өңірде жасыл инвестициялу қағидаттарын белсенді түрде енгізу бағдарына көшкен GIP-ке қол қоюшыларды – «Доскредобанк» ААҚ (Қырғызстан), «Даму» КДҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, ЕАДБ (бақылаушы ретінде) атап өту қажет.



Жасыл инвестициялар қағидаттары (GIP) Қытайдың Жасыл қаржы комитетімен және Лондондық Сити корпорациясымен бірлесіп, 2018 жылдың қараша айында 5 халықаралық ұйыммен

ынтымақтастықта іске қосылды. GIP-тің мақсаты - экологиялық тәуекелдерді басқаруды жақсарту және «Белдеу және жол» шеңберіндегі инвестициялардың орнықтылығын қамтамасыз етуге жеке капиталды жұмылдыру үшін халықаралық желі құру.

GIP үш деңгейдегі жеті жетекші қағидаттан тұрады: стратегиялық, оперативтік және инновациялық. Ол қол қоюшыларды орнықты корпоративтік басқаруды қамтамасыз етуге, экологиялық тәуекелдерді барынша азайту үшін нақты шаралар қабылдауға және жасыл қаржыландыру құралдарындағы инновацияларды ынталандыруға шақырады. Ол «Белдеу және жол» өңіріндегі инвестициялар үшін жасыл жобалардың қағидаттарын іске асыруға арналған құралдарды және оларға қолжетімділікті ұсынып, қол қоюшылардың әлеуетін арттыруға бағытталған.

GIP мүшелері кең географияны қамтиды. Осы Баяндаманы дайындау кезінде Ұлыбритания, Франция, Германия және Жапония сияқты дамыған елдердегі, сондай-ақ Қытай, Таиланд, Моңғолия және Қазақстан сияқты дамушы елдердегі кейбір ірі банктерді қоса алғанда, меншікте немесе басқаруда 42 трлн АҚШ доллары жалпы сомасындағы активтері бар 17 ел мен өңірлерден 49 қатысушы қол қоюшы болып табылады.

Бүкіл GIP қоғамдастығы үшін күтілетінді белгілей отырып, оның орта мерзімді стратегиялық құжаты «Пайым 2026-30» келесі өршіл көрсеткіштерді қамтиды:

- Қол қойған тараптардың 80%-ы 2026 жылға қарай TCFD немесе ISSB сияқты ұлттық немесе халықаралық негіздемелерге сәйкес қоршаған орта мен климат туралы ақпаратты аша бастайды;
- Қол қойған тараптардың 100%-ы 2026 жылға қарай экологиялық тәуекелді бағалайды;
- Қол қойған тараптардың 100%-ы 2030 жылға қарай биоалуантүрлілікке немесе табиғатқа байланысты тәуекелдерді бағалайды;
- Қол қойған тараптардың 100%-ы 2030 жылға қарай қаржыландырылатын шығарындыларды қоса алғанда, 3-ші санаттағы (Score 3) шығарындылар туралы ақпаратты ашады;
- Қол қойған тараптардың 100%-ы 2030 жылға қарай көміртегі бейтараптығы/өту жоспарларын қалыптастыруы керек.

¹⁷ Ministry of Economy and Finance of the Republic of Uzbekistan. For the first time, the Republic of Uzbekistan has placed sovereign international bonds in 3 currencies

Орталық Азиядағы өңірлік кеңсе қол қоюшылармен жүргізіліп жатқан жұмыстармен қатар, әлеуетті арттыру бойынша бастама мүшелеріне қолдау көрсетеді, сонымен қатар пікір алмасу үшін алаң ұсынады (мысалы, 2022 жылғы Kyrgyzstan Green Investment Forum).



V. ӨҢІРДЕ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ОДАН ӨРІ ДАМУҒА ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Осы баяндама дамушы елдерде климаттық қаржыны дамыту жөніндегі халықаралық үндеулер, Париж келісімінің қаржы ағындарын шығарындылардың төмен деңгейімен және климаттың өзгеруіне төзімділікпен сипатталатын даму бағытындағы траекториямен сәйкес келтіру туралы 2.1 (с) бабын іске асыру, сондай-ақ Орталық Азия елдерінде ОДМ-ды 2030 жылға дейін іске асыру тұрғысынан дайындалды.

Орталық Азиядағы көміртекті бейтарап дамуға көшу үшін қажетті қаржыландыру тапшылығын толтыру өңір елдерінің аса осал тұсы болып табылатын климаттың өзгеруінің салдарынан үнемі өсіп келе жатқан шығындар жағдайында энергия тасымалдағыштар бағасын ұстап тұру, экономикалық өсуді қолдау және жұмыс орындарын сақтау сияқты бір уақыттағы талаптарға байланысты одан да қиын болуы мүмкін. Осыған байланысты қаржы ресурстарын жұмылдыру және қаржыландыру тапшылығын жабу үшін қажетті инвестицияларды тартуға жағдайлар жасау аса маңызды.

Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері мен сауалнамаға қатысқан мүдделі тараптардың ұсыныстарының негізінде біз Орталық Азия елдерінде орнықты қаржыландыру құралдарын дамыту үшін жағдай жасауға байланысты проблемаларды шешу жөніндегі ұсыныстарды айқындадық. Олардың мақсаты – өңірдегі орнықты қаржы нарығының дамуына әсер ететін факторлардың ықтимал кері әсерін азайту.

Орнықты қаржыландыру нарықтарының дамуының әр түрлі деңгейлерін, бірақ ұқсас олқылықтарды (стандарттардың, құралдар мен шаралардың болмауы) ескере отырып, Орталық Азия елдеріне осы сегментті дамыту үшін жалпы және кейбір елдер үшін жекелеген ұсынымдар ұсынылуы мүмкін, олар келесі басым бағыттар айналасында құрылған (7-кес. қар.):

1) **Стандарттау.** Саясаттарды әзірлеушілер өңірдегі биржа алаңдарымен бірге салдарды жұмсартуға ғана емес, сондай-ақ бейімдеуге, көшуге және әлеуметтік өлшемшарттарға бағдарланған халықаралық деңгейде мойындалған өлшемшарттармен үйлесімді және сәйкес келетін жергілікті тақырыптық қаржыландыру стандарттарын тиімді әзірлеуге және енгізуге ұмтылуы керек. Дәл сол қатысушылар инвесторлардың талаптарына жауап беретін ESG ақпаратын

ашудың келісілген жетекші қағидаттарын әзірлеуге ұмтылуы керек.

2) **Бағалау.** Саясаттарды әзірлеушілер деректерді жеткізушілермен (капитал нарығына арналған биржа алаңдары, банк секторы үшін реттеушілер) бірге орнықты қаржыландыру бойынша анық өңірлік статистикадағы олқылықты жоюы керек, ол жоғары сапалы, егжей-тегжейлі және уақтылы болуы керек. Деректер мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін қолжетімді болуы керек.

3) **Әлеуетті арттыру.** Реттеушілер, биржа алаңдары және қаржы институттары бөлшек тұтынушылар үшін де, корпоративтік сектор үшін де білім беру ресурстарын жасау мүмкіндігін қарастыруы керек, ал реттеушілер банк секторына бағдарланған әлеуетті арттыруға да назар аударуы керек.

4) **Ынталандыру шаралары.** Саясаттарды әзірлеушілер банктерге, қаржылық қызметтердің бөлшек тұтынушыларына және жоба әзірлеушілеріне жаңа өнімдерді (жасыл кредиттер, ESG-облигациялар және т.б.) ілгерілету үшін ынталандыруды әзірлеуі керек.

5) **Басымдықтарды анықтау.** Қаржы институттары климаттық тәуекелдерге негізделген стратегияларды әзірлеу, жасыл қаржыландыру бойынша өршіл мақсаттарды белгілеу, орнықты қаржы өнімдеріне жеткілікті қаржылық ресурстар көлемін бөле отырып, әлеуетті тауашаларды анықтау және мақсатты өнімдерді әзірлеу мүмкіндігін қарастыруы керек.

7-кесте. Орталық Азия елдері үшін орнықты қаржыландыру нарығын дамыту жөнінде ұсынымдар*



А. ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ					
1	Жасыл (орнықты) қаржыландыру таксономиясын қабылдау		▲	▲	▲
2	«Өтпелі» кезеңді қаржыландыру саласындағы стандарттарды қабылдау		▲	▲	▲
3	Тақырыптық облигациялар бойынша нұсқаулықтарды қабылдау (анықтамалар, верификация процесі)			▲	▲
4	Биржа алаңдарында тақырыптық сегменттерді құру			▲	▲
5	Орнықты даму белгісі бойынша қаржылық есептілікті енгізу		▲	▲	▲
6	Листингтелетін компанияларға қойылатын талап ретінде ESG-ақпаратты ашу			▲	▲
7	Орнықты қаржы бойынша зерттеулер мен аналитика		▲	▲	▲
Б. ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ					
8	Орнықты жобалардың бастамашылары үшін ынталандыру және қолдау шараларын енгізу		▲	▲	▲
9	Егеменді жасыл облигацияларды шығару	▲	▲	▲	▲
10	Егеменді жасыл сукук шығару	▲	▲	▲	▲
В. ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ РЕТТЕУ					
11	Жасыл капитал және резервтер бойынша талаптар	▲	▲	▲	▲
12	Климаттық стресс сынағы			▲	▲
Г. ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАСЫЛ ҚАЛАЛАР					
13	Жасыл ипотекалардың схемалары		▲	▲	▲
14	Муниципалдық жасыл облигацияларды шығару	▲	▲	▲	▲
Д. ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН ДАМУ					
15	Жасыл краудфандинг платформаларын іске қосу	▲	▲	▲	▲
16	Жасыл климаттық қорда жергілікті қаржы институттарын аккредиттеу	▲		▲	▲
17	Ұлттық және/немесе өңірлік қаржыландыру тетіктерін құру	▲	▲	▲	▲

* Ескерту: Бұл ұсынымдар баяндаманы дайындау кезінде Орталық Азия елдерінде орнықты қаржыландыру саласындағы белгілі бір саясаттардың, стандарттардың, құралдардың және т.б. бар және жоқтығы туралы жиналған және қолжетімді ақпарат негізінде дайындалған.

А. ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ

#1 ҰСЫНЫМ: ЖАСЫЛ (ОРНЫҚТЫ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚАБЫЛДАУ

ЕЛ: ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН

Жасыл (орнықты) жобалардың таксономиясы жіктеуіш ретінде жасыл (орнықты) жобаларды сәйкестендіруге, әзірлеуге және қаржыландыруға жалпы түсінік пен тәсілді қамтамасыз ету, сондай-ақ инвесторлардың сенімін арттыру және «жасыл камуфляждың» – экологиялық пайдасы жоқ жобалар «жасыл» ретінде өтірік көрсетілетін жағдайлардың алдын алу үшін қажет. Таксономия сонымен қатар ақпаратты ашуға және есеп беруге, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және кепілдіктер беру сияқты экономикалық ынталандыруды қолдануға негіз береді.

Еуразиялық экономикалық одақтың қазіргі және әлеуетті мүшелеріне жасыл қаржыландырудың ұлттық таксономияларын әзірлеу кезінде негіз ретінде ЕАЭО Жасыл жобаларының модельдік таксономиясын алу ұсынылады. Бұл таксономияны АХҚО Жасыл қаржы орталығымен тығыз ынтымақтаса отырып әзірлеп, 2022 жылғы желтоқсанда Еуразиялық экономикалық комиссияның жоғары деңгейдегі жұмыс тобы ЕАЭО климаттық күн тәртібі аясында бекітті. ЕАЭО Жасыл жобалардың модельдік таксономиясы ЕАЭО елдерінің жасыл жобаларының өлшемшарттарын ашады, оның мақсаты – ЕАЭО кеңістігінде жасыл қаржыландыру құралдарын жүйелі дамыту аясында ЕАЭО елдерінің тәсілдерін ынталандыру және жақындастыру. Жасыл жобалардың дайындалған өлшемшарттары ұлттық таксономияларды, сондай-ақ трансшекаралық жобаларды дамыту үшін әлеуетті құралды әзірлеу немесе өзектендіру үшін негіз бола алатын интеграциялық бірлестікке арналып қалыптастырылған алғашқы өлшемшарттардың бірі болды. Осы мақсатта Жасыл қаржы орталығы ЕАЭО Модельдік таксономиясына сілтеме жасай отырып шығарылуы мүмкін қаржы құралдарын верификациялау жүйесіне қойылатын талаптарды дайындауға қатысты.

#2 ҰСЫНЫМ: «ӨТПЕЛІ» КЕЗЕҢДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТАНДАРТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

ЕЛ: ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН

Қысқа және орташа мерзімді кезеңдерде таза энергетикаға көшу әр түрлі факторларға байланысты, әсіресе шығарындыларды азайту қиын салаларда (hard-to-abate sectors) әрдайым мүмкін бола бермейді. Осыған қарамастан, мысалы, парниктік газдар шығарындыларын азайту арқылы қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді азайтуға тырысатын кәсіпорындарды ынталандыру қажет. Ол үшін «өтпелі» кезеңді қаржыландыру (transition finance) саласындағы стандарттарды қабылдау ұсынылады. Бұл оларды орнықты қаржыландыру саласындағы қолданыстағы стандарттарға енгізу арқылы немесе жеке стандарттарды қабылдау арқылы жасалуы мүмкін. «Өтпелі» кезеңді қаржыландыру стандарттарын қабылдау жасыл жобалар өлшемшарттарына жатпайтын, бірақ қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік беретін жобаларға қаржыландыруды тарту үшін нақты өлшемшарттарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, Қазақстанда 2024 жылдың наурыз айының соңында Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі қабылданған Стратегиясының басымдықтарын, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып, Жасыл таксономияға газ және атом энергетикасының рөлін айқындайтын түзетулер қабылданды, атап айтқанда 2035 жылға дейінгі «Өтпелі энергетика» жобаларының өтпелі санаты енгізілді, оған ең үздік халықаралық тәжірибеге негізделген тиісті шекті өлшемшарттармен мыналар кірді:

- газдан электрэнергиясын және жылу өндіру және отынды ауыстыру;
- атом энергетикасына арналған жабдықтар өндіру;
- атом электр станцияларын салу және пайдалану;

Энергетикалық көмірден табиғи газға көшу энергетика секторындағы парниктік газдар шығарындыларын айтарлықтай азайтады. Табиғи газ энергиясы жоғарырақ таза отын болғандықтан, оны жағу кезінде ауаны ластаушы заттардың барлық дерлік түрлерінің шығарындылары азырақ болады және дәл осындай энергия мөлшерін алу үшін көмірді

жағуға қарағанда, екі есе аз көмірқышқыл газы түзіледі.

Атом энергетикасы көмірсутек шикізатымен жұмыс істейтін электр станцияларына қарағанда, атмосфераға көмірқышқыл газын шығармайды. Шын мәнінде, АЭС-тегі бір ГВт*сағ шығарындылар көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларымен салыстырғанда, шамамен 273 есе төмен. Осыған байланысты, Қазақстанда мұндай жобалар таксономиямен белгіленген өлшемшарттарды сақтаған жағдайда, өтпелі қаржыландыру шарттарына жатуы мүмкін. Қазақстанда басқа салаларда халықаралық стандарттардың дамуымен транзиттік қаржы тұжырымдамасын одан әрі пысықтау жоспарлануда.

2022 жылы Орнықты қаржыландыру жөніндегі G20 жұмыс тобы өтпелі қаржыландырудың 22 қағидатын ұсынды. Жоғары деңгейлі негіздемелік бағдарлама - жақсы бастама, бірақ ол әр елге тән энергетикалық баланстағы, өнеркәсіптік шығарындылар құрылымындағы, экономикалық және технологиялық мүмкіндіктердегі, сондай-ақ саяси және институционалдық әлеуеттегі айырмашылықтарды ескермеуі мүмкін. Осыған байланысты, «өтпелі» кезеңді қаржыландырудың стандарттары мен саясаттарын әзірлеу кезінде елдер жоғарыда аталған аспектілерді ескере отырып, нақты уақыт шеңбері бар экономиканы декарбонизациялаудың ұзақ мерзімді жоспарларына сүйенуі керек.

2024 жылдың ақпанында Жапония 11 млрд АҚШ долл. сомасына климаттың өзгеруіне көшу бойынша әлемдегі алғашқы облигацияны шығарды. Облигациялардан түскен түсімдердің 55,5%-ы ЖЭК-тен бастап болат өндірудегі сутегін пайдалануға дейінгі түрлі салаларда температураның 1,5°C-қа дейін көтерілуін шектеу жөніндегі Жапонияның күш-жігеріне сәйкес келетін зерттеулер мен әзірлеулер саласындағы бастамаларды (ҒЗТКЖ) қолдауға бағытталады; 44,5%-ы аккумуляторлық батареяларды өндіруден бастап ғимараттардағы энергия тиімділігін арттыру шараларына дейінгі іс-әрекеттердің әр түрлерін субсидиялауға арналған¹⁸. Бұл шығарылым әлемде орнықты қаржыландыруды дамытудағы маңызды кезеңді білдіреді.

#3 ҰСЫНЫМ: ТАҚЫРЫПТЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ (АНЫҚТАМАЛАР, ВЕРИФИКАЦИЯ ПРОЦЕСІ)

ЕЛ: ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН

Қадағалау органдары тақырыптық құралдар (жасыл, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму және орнықты дамумен байланысты облигациялар) бойынша жетекші қағидаттар мен нұсқаулықтарды белгілей алады. Бұл жергілікті нарықты стандарттауға көмектесуі мүмкін, бұл инвесторлардың кешенді бағалау (due diligence) шығындарын азайтады және ашықтықты қамтамасыз ету бойынша күш-жігерлеріне ықпал етеді.

Жергілікті нұсқаулықтарды ICMA-мен және Climate Bonds стандартымен сәйкестендіру халықаралық нарықтармен сәйкестікті қамтамасыз етеді және жергілікті шығарылымдарды инвесторлардың күткендеріне сай болуын қамтамасыз етеді. Жетекші қағидаттар жергілікті жасыл облигациялар нарығының дамуына серпіліс беруге көмектесуі мүмкін. Мысалы, Қытай Халық банкінің банкаралық облигациялар нарығында жасыл облигацияларды шығару бойынша 2015 жылғы ұсынымдары «Жасыл жобалар каталогының» бірінші басылымымен қатар жүрді және қытайлық жасыл облигациялар шығарылымының жылдам масштабалуына әкелді.

AIX 2019 жылы Жасыл облигацияларды шығару қағидаларын қабылдады, бұл 2020 жылы жасыл облигациялардың бірінші шығарылымын қамтамасыз етті, кейінірек Биржа құралдар желісін ESG-облигациялардың толық спектріне дейін кеңейтті.

Қазақстанның ұлттық заңнамасында жасыл қаржыландыру құралдарының анықтамалары алғаш рет 2021 жылы Экологиялық кодексте бекітілді, кейінірек тақырыптық облигациялардың барлық типтерін, сондай-ақ верификация мәселелерін қоса алғанда, олардың шығарылымының ерекшеліктерін анықтау үшін Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға өзгерістер енгізілді. Тақырыптық құралдардың сыртқы бағалауын жүзеге асыра алатын ұйымдар типтерінің тізбесі ҚНРДА Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы «Жасыл», әлеуметтік облигацияларды, орнықты даму облигацияларын

¹⁸ ESG News. Жапония әлемде алғаш рет 11 миллиард долларлық климатқа көшу облигацияларын шығарды

және орнықты дамумен байланысты облигацияларды орналастырудан түсетін кірістер мен қаражатты пайдалану мен бөлуге және олардың облигацияларды шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламада және (немесе) облигацияларды шығару шарттарында мәлімделген мақсаттарға сәйкестігіне қатысты бағалау мен талдау жүргізу (верификация) үшін ұйымдарды айқындау туралы» № 76 Қаулысымен бекітілді.

2022 жылдың тамызында Қырғыз қор биржасының Бағалы қағаздар листингінің қағидаларына орнықты даму облигацияларын (ESG облигациялары), ESG облигацияларын шығару арқылы қаржыландырылатын жобаларды тәуелсіз бағалауды жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптарды анықтау үшін өзгерістер енгізілді. Сол жылдың қараша айында Қырғыз қор биржасында Қырғызстанның алғашқы тақырыптық (гендерлік) облигациялары шығарылғанын атап өткен жөн.

Бірқатар дамушы елдер Қытайдың тәжірибесіне сүйене отырып, жергілікті қызметтер нарығының дамуын ынталандыру үшін верификаторларды минималды реттеу тәжірибесін қабылдады, нарықты дамытудың кейінгі кезеңдерінде мамандандырылған органдардың осындай ұйымдарды аккредиттеуі енгізілуі мүмкін.

#4 ҰСЫНЫМ: БИРЖА АЛАҢДАРЫНДА ТАҚЫРЫПТЫҚ СЕГМЕНТТЕРДІ ҚҰРУ

**ЕЛ: ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН,
ӨЗБЕКСТАН**

Реттеушілер қор биржаларымен бірлесіп орнықты қаржыландыру құралдарының көрінуін арттыру үшін «жасыл/орнықты» сегменттерді құруды пысықтай алады. Аталған сегменттердегі листингке қойылатын талаптар кешенді тексеруге (due diligence) қойылатын талаптарды төмендетіп, инвесторларға шығарылым туралы сенімділік те береді. Sustainable Stock Exchanges Initiative (SSE) бастамасына сәйкес SSE мүше-биржалардың 41%-ы Қазақстан мен Қырғызстанның қор алаңдарын қоса алғанда, ESG-сегменттерге ие.

Атап айтқанда, 2023 жылы Қырғыз қор биржасының Бағалы қағаздар листингінің қағидаларына аталған сегменттің облигацияларына қойылатын арнайы талаптарды анықтау үшін өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, орнықты қаржыландыру нарығын дамытудың қосымша бағыты ретінде инвестициялық өнім желісін әртараптандыруға назар аудару ұсынылады. Бұл тәсіл инновациялық қаржылық құралдарды енгізуді және инвестициялық стратегиялардың әралуандығын қоса алғанда, нарықтың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға бағытталған. Мұндай инновациялық құралдарға Жасыл IPO (Green IPO)/Жасыл капитал (Green Equity) кіреді. Мұндай құралдар «гриниумға» қол жеткізу арқылы капиталды тарту құнын азайту үшін пайдаланыла алады, ESG-ге бағдарланған инвесторлар топтары мен институционалдық инвесторларды қоса алғанда, кеңірек инвестициялық базаға қолжетімділікті жақсарта болады. «Жасыл» IPO орнықты дамуға бағдарланған индекстер мен рейтингтерге қосылу мүмкіндігін береді, брендті күшейтуге және ESG аренасында көзге түсуге ықпал етеді.

Компанияның Green Equity мәртебесін алуға үміткер болуы үшін негізгі өлшемшарт - оның кірісі мен инвестицияларының 50%-дан астамы «жасыл» деп саналатын қызметтен алынуы тиіс. Балама ретінде жасыл капиталға көшу мәртебесін «жасыл» көшуге өтуге талпынатын және инвестицияларының айтарлықтай үлесі «жасыл» қызметке бағытталған компаниялар ала алады. Мұндай мәртебені растау кезінде компаниялар тиімдірек шарттармен капитал тарту мүмкіндіктерін арттырып, ESG-қағидаттарға бағдарланған инвесторлар мен қорлар сегментіне қол жеткізе алады. Осы қаржылық өнімдерді шығарған жағдайда «жасыл» мәртебесін растау үшін жасыл облигациялар мен кредиттерге ұқсас тәуелсіз бағалау/верификация алу да ұсынылады.

#5 ҰСЫНЫМ: ОРНЫҚТЫ ДАМУ БЕЛГІСІ БОЙынША ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЕНГІЗУ

**ЕЛ: ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН,
ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН**

Өңір елдерінің қаржылық реттеушілері қазірдің өзінде қаржы институттарының қызметіне ESG-қағидаттарды енгізу, атап айтқанда, банктер үшін ерікті және міндетті ESG-есептілікті енгізу бойынша шаралар қабылдауда. Осы жұмыс шеңберінде банктердің жасыл несиелерді есепке алуды енгізудің маңыздылығын атап өту қажет. Банктердің жасыл кредиттер көлемі туралы деректерді жинау жасыл инвестициялардың

жалпы көлемін жақсырақ бағалауға және жасыл жобаларды ынталандыру шараларын әзірлеуге ықпал етеді. Жалпы алғанда, қаржылық институттардың орнықты даму, атап айтқанда «жасыл» несиелер белгісі бойынша есептілігіне қатысты талап жаһандық реттеу тәжірибесі тұрғысынан заңды. Халықаралық тәжірибеде бірқатар елдерде (ЕО елдері, Қытай, Грузия, Моңғолия және көптеген басқалары) қаржылық ұйымдардың жасыл немесе төмен көміртекті активтерінің үлесін міндетті түрде ашуы заңнамалық түрде енгізілген. Қазақстанда ҚНРДА-ның Банктер және басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы ақпаратты жария ету жөніндегі бекітілген нұсқауына (бұдан әрі – ESG-ақпаратты ашу жөніндегі нұсқау)¹⁹ сәйкес банктер мен қаржы ұйымдарының ашып көрсетуі үшін ESG саласындағы тиімділік көрсеткіштерінің жалпы тізіміне төмендегідей көрсеткіштер кіреді:

- Есепті жылы берілген жасыл кредиттердің көлемі, оның ішінде берілген кредиттердің жалпы көлеміне пайыздық қатынаста;
- Ағымдағы портфельдегі жасыл кредиттердің жалпы сомасы, оның ішінде портфельдің жалпы көлеміне пайыздық қатынаста; жасыл кредиттердің жалпы көлеміндегі мерзімі өткен жасыл кредиттердің үлесі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2023 жылғы желтоқсандағы банктік есептілік нысандары бойынша²⁰ қаулысына енгізілген түзетулермен екінші деңгейлі банктердің тиісті есептілік нысандарына «Орнықты даму жобасының белгілері», атап айтқанда ESG001 «Жасыл кредиттер» коды бар мән енгізілгенін атап өткен жөн. Көрсетілген мән «Орнықты даму жобасының белгісі» көрсеткіші бойынша Провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есепте 2024 жылғы қаңтардағы есептіліктен бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысымен бекітілген «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «Жасыл» жобалардың жіктелуіне (таксономиясына) сәйкес келетін барлық несиелер бойынша көрсетілуі тиіс.

Сонымен бірге өңірдің орнықты қаржы нарығы бойынша сапалы, егжей-тегжейлі және уақтылы статистиканың болуы мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Көбінесе халықаралық деректер жеткізушілерінде (Environmental Finance, Bloomberg және т.б.) Орталық Азия нарықтары бойынша толық деректер болмайды, осыған байланысты ұлттық статистикаларды жүргізу және аталған деректерді халықаралық дерекқорларға жіберу маңызды болып саналады.

#6 ҰСЫНЫМ: ЛИСТИНГТЕЛЕТІН КОМПАНИЯЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП РЕТІНДЕ ESG-АҚПАРАТТЫ АШУ

ЕЛ: ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН

Қор биржасындағы листингке қойылатын талаптар инвесторлардың инвестиция жасамас бұрын дұрыс хабардар болуына кепілдік береді. Реттеуші, сондай-ақ қор алаңы өзі листингке қойылатын талаптардың ESG бойынша есептілікті қамтитынын қамтамасыз ете алады.

SSE деректеріне сәйкес, биржалардың 31%-ында листинг талабы ретінде ESG-есептілік бар. аталған алаңдардың қатарында қазақстандық KASE мен Қырғыз қор биржасы бар. Атап айтқанда, Қырғыз қор биржасының қағидаларына сәйкес, бұл талаптар А және В санатындағы орнықты даму облигацияларының эмитенттеріне таралады.

Ұқсас листинг талаптары бар басқа да дамушы нарықтардың қатарына Малайзия, Марокко, Түркия және БАӘ қор биржалары кіреді. AIX-та ESG-ақпаратты ашудың көрсетілген қағидалары ерікті негізде жұмыс істейді.

#7 ҰСЫНЫМ: ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН АНАЛИТИКА

ЕЛ: ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН

Зерттеулер мен талдау орнықты қаржыландыруды дамытуда маңызды рөл

¹⁹ АРРФР Төрағасының 2023 жылғы «28» сәуірдегі № 291 бұйрығымен бекітілген. 2024 жылдан бастап осы басшылыққа сәйкес жария ету елдің қаржы ұйымдары үшін міндетті болады.

²⁰ «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысы.

атқара алады, мысалы, Орнықты қаржыландыру жөніндегі G20 жұмыс тобы жүргізген зерттеулер көптеген тұжырымдамаларға, соның ішінде өтпелі қаржы тұжырымдамасына негіз болды. Осыған байланысты орнықты қаржыландыру саласындағы институттандыру нарықты дамытудың маңызды аспектісі болып табылады. Зерттеулер ұлттық стандарттарды дамытуда да маңызды рөл атқара алады; мысалы, Қазақстандағы АХҚО Жасыл қаржы орталығы және Ресейдегі ВЭБ.РФ жүргізген жұмыстардың арқасында осы елдердің ұлттық таксономиялары қабылданды.

Орнықты қаржы саласындағы ұлттық даму институттары ұсынатын зерттеулер мен шараларды енгізуді ілгерілету арқылы реттеушілер мен жалпы үкіметтер нарық қатысушыларына климаттың өзгеруі мәселелерінің маңыздылығы туралы белгі бере алады және нақты саясаттармен ынталандырылатыннан тыс әрі қарайғы әрекеттерді ынталандыра алады.

Бұл институттар нарықтың әлеуетін арттыру үшін катализатор немесе алаң да бола алады. Жиі жинақталған сараптама реттеушілердің, биржа алаңдарының, банктердің және нарықтың басқа қатысушыларының әлеуетін ұлғайту үшін қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Б. ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ

#8 ҰСЫНЫМ: ОРНЫҚТЫ ЖОБАЛАРДЫҢ БАСТАМАШЫЛАРЫ ҮШІН ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ЕНГІЗУ

ЕЛ: ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН

Әлеуетті эмитенттер үшін ынталандыру және қолдау шаралары жүйесін енгізу орнықты даму жобаларын қаржыландыру үшін облигациялар мен кредиттерді белсендірек шығаруға ықпал етеді. Қазақстанда енгізілген жасыл кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені және жасыл облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялау үлгі бола алады. Бұл ретте, бұл ынталандырулар орнықты қаржы құралдарына тән қосымша транзакциялық шығыстарды

ескеруі және елдер экономикасының басқа секторларындағы жобалармен салыстырғанда орнықты жобаларды қаржыландыруды тарту үшін неғұрлым тартымды жағдайлар жасауы тиіс.

Қазақстанда ынталандыру жүйесін одан әрі жетілдіру, атап айтқанда жасыл кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеменің және жасыл облигациялар бойынша купондық мөлшерлеменің қолданыстағы субсидияларының мөлшерін ұлғайту қажет. Бүгінгі таңда қолданыстағы субсидиялау схемасы ел экономикасының басқа басым секторларындағы субсидиялау схемасынан ерекшеленбейді. Ал жасыл қаржы құралдарын (облигациялар мен несиелер) шығару қосымша транзакциялық шығыстармен қатар жүреді, бұл жобаның жасыл облигациялар/ кредиттер саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы сыртқы бағалау қорытындысын тексеруді/ алуды қамтиды.

Ынталандыру шараларының тағы бір мысалы Малайзия жасыл технологиялар және климаттың өзгеруі жөніндегі корпорациясы (MGTC) GTFS бағдарламасы бола алады, бұл - Малайзияның шағын және орташа кәсіпкерлеріне анағұрлым төмен мөлшерлеме бойынша қаржыландыруға қол жеткізуге көмектесуге арналған бағдарлама. GTFS жасыл жобаларға пайыздық мөлшерлеме бойынша 1,5% жеңілдікт және 60% мемлекеттік кепілдік береді.

Сонымен қатар, жобалардың толық тізбегін қалыптастыру үшін жасыл және орнықты өнімдер мен қызметтерді дамытуды ынталандыру маңызды. Атап айтқанда, ЖІӨ көлеміндегі мемлекеттік сатып алудың үлкен үлесін ескере отырып, жасыл және/немесе орнықты мемлекеттік сатып алуды енгізу бойынша жобаларды жүзеге асыру орынды болып көрінеді. Мысалы, Қытай мен Үндістанда мемлекеттік сатып алу үлесі ЖІӨ-нің 30–35% құрайды, ал ЕО мен АҚШ-та бұл көрсеткіш 10–15% деңгейінде. Көптеген дамушы елдерде бұл көрсеткіш орташа есеппен ЖІӨ-нің 30%-ы деңгейінде. Қазақстанның ЖІӨ-дегі мемлекеттік сатып алу үлесі, мысалы, 6,6%-ды құрайды, бұл ЭЫДҰ елдеріндегі орташа көрсеткіштен салыстырмалы түрде төмен; сонымен бірге олар үкіметтің жалпы бюджеттік шығыстарының 43%-ын құрайды.

2023 жылы Дүниежүзілік банк «Еуропа мен Орталық Азияда (ЕОА) жасыл мемлекеттік сатып алуды (GPP) енгізу» атты 12-айлық жобаны іске қосты. Жобаның мақсаты - ЕОА өңірінде GPP тәжірибесін, әсіресе климаттың

өзгеруімен күрес бойынша әрекет тұрғысынан ілгерілету. Жоба өңірдегі төрт елге бағдарланған: Албания, Әзірбайжан, Қазақстан және Өзбекстан. Жобаның нәтижелері өңірде GPP іске асыруға жетекшілік ету үшін негіздемелік құралдар жиынтығын, нақты контексттер мен қажеттіліктерге бейімделген оқыту іс-шараларын, сондай-ақ басым секторлардағы нарықтың дайындығын зерттеуді қамтиды.

#9 ҰСЫНЫМ: ЕГЕМЕНДІ ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ

ЕЛ: ҚАЗАҚСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН

Өңір елдерінің көпшілігі үшін жалпы және негізгі ұсыным – мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшу және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі мақсаттарын іске асыру үшін жобаларды қаржыландыру мақсатында жергілікті нарықтардың дамуын ынталандыруға арналған егеменді жасыл облигациялар шығару. Бұл тетік мандатында жауапты инвестициялау бар инвесторларды белсенді тартуға бағытталған.

Өзбекстан кейсі төмен көміртекті экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін сыртқы қаржыландыруды тартуды қажет ететін Орталық Азияның басқа елдерінің үкіметтері үшін көрнекті үлгі болып саналады. Егеменді жасыл облигацияларды шығарудың мынадай артықшылықтары бар:

- Мемлекеттер орнықты облигациялар нарығына кіре отырып, жеке сектор мен инвесторларға орнықты даму ниеті туралы күшті сигнал жібереді. Орнықтылық тақырыбындағы егеменді құралдарды шығару инвестициялардың қосымша көздерін тарту және эмитенттердің көбірек санын орнықты болашаққа ықпал ететін активтерді, жобаларды және шығындарды қаржыландыру мақсатында капитал нарықтарын пайдалануға ынталандыру арқылы нарықтың ішкі дамуы үшін катализатор бола алады. Егеменді шығарылымдардың мөлшері өңірлік ойыншыларды нарыққа тарту үшін өтімділікті құруға мүмкіндік береді.
- Мемлекеттік облигациялар шығарылымдары ОДМ-ға (көміртекті бейтараптық мәселелерін қоса алғанда)

бағдарланған мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға жеке қорлардан ресурстар тартуға, ESG-құралдарының жергілікті нарығының өсуіне, процестің ашықтығына және оң беделді әсерлерге ықпал етеді. BIS мәліметтері бойынша егеменді жасыл облигациялардың алғашқы шығарылымы осы елдегі жасыл облигациялардың жалпы шығарылым стандарттарын қатаңдатуға бейім. Әр түрлі елдерде осындай шығарылымнан кейін корпоративтік шығарылымдардың жыл сайынғы саны ғана емес, сонымен қатар сыртқы верификацияны (екінші пікір форматында) алған корпоративтік шығарылымдар пайызының ұлғаюы үрдісі байқалады, осылайша нарықтың даму динамикасына оң әсер етеді. Бұл үрдісі дамыған экономикаларда да, дамушы нарық елдерінде де айқын көрінеді²¹.

- Статистикаға сәйкес егеменді ESG-облигацияларды шығару ұтымды шарттармен қаржыландыруды тартуға көмектеседі. CBI деректеріне сәйкес экономикасы қарқынды дамып келе жатқан Үндістан (2022 жылы ЖІӨ өсу қарқыны бойынша G20 елдерінің арасында екінші) Азия-Тынық мұхиты аймағындағы ESG-облигацияларының алтыншы ірі эмитенті саналады және 2023 жылдың қаңтарында гриниуммен* жергілікті валютада дебюттік егеменді жасыл облигацияларды шығарып, ішкі инвесторлардың жоғары сұранысын көрсетті.

*Анықтама ретінде: Гриниум – эмитенттер басқа қарапайым облигациялармен салыстырғанда ESG-таңбасы бар облигацияларды (яғни жасыл, әлеуметтік және басқа ESG-облигацияларды) шығару кезінде жиі қол жеткізетін қарыз алудың төмен құны. Barclays-тің жүздеген жасыл облигациялар мен олардың ванильді баламаларына жасаған талдауы жасыл облигациялардың кірістілігі 0,05 пайыздық тармаққа төмен екенін көрсетеді, бұл жасыл облигациялар эмитенттері үшін қарыз алу құнын төмендетеді.

#10 ҰСЫНЫМ: ЕГЕМЕНДІ «ЖАСЫЛ» СУКУК ШЫҒАРУ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРІ

Өңірдің барлық елдері үшін жасыл және исламдық қаржыландыру симбиозы зор әлеуетке ие, өйткені өңір халқының көпшілігі ислам дінін ұстанады, бұл мысалы, исламдық және ESG қаржыландыру қағидаттарын

²¹ BIS Quarterly Review, September 2022. Sovereigns and sustainable bonds: challenges and new options

біріктіретін жасыл сукук сияқты құралдың дамуы үшін жоғары әлеуетті көрсетеді. Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан жекешелендіру саясаты аясында Өзбекстан бұл құралдарды мемлекеттік активтерді жекешелендіру стратегиясына интеграциялай алады. Мұндай тәсіл қоршаған орта факторларына, әлеуметтік жауапкершілікке және корпоративтік тәуекелдерді басқаруға баса назар аудара отырып, орнықты және әлеуметтік жауапты дамуға қол жеткізуге бағытталған.

В. ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ РЕТТЕУ

#11 ҰСЫНЫМ: ЖАСЫЛ КАПИТАЛ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТЕР БОЙЫНША ТАЛАПТАР

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРІ

Банк секторын орнықты жобалар үшін кредиттер беруге ынталандыру мақсатында өңір елдерінің орталық банктеріне макропруденциялық реттеуді жеңілдету мүмкіндігін қарастыру ұсынылады, атап айтқанда орталық банктер, мысалы, жасыл кредиттер бойынша тәуекел-салмағын және резервтер бойынша талаптарды төмендетуі мүмкін. Бұл банктерді көбірек жасыл несиелер беруге ынталандырады. Мысалы, Венгрияның Орталық банкі жасыл несиелер бойынша резервтік талаптарды төмендетті. Осылайша, Венгрия банктері энергияны үнемдейтін жылжымайтын мүлікті сатып алу және салу кредиттері үшін айтарлықтай төмендетілген капитал талаптарын талап етуге құқылы. Бұл күн электр станцияларына, орнықты ауыл шаруашылығына, энергия тиімділігіне және электромобильдерге де қатысты.

Бұл шара жоғары сапалы деректердің болуын талап ететінін және жасыл қарыздың жеткілікті үлкен пулы бар нарықтарда ғана мүмкін екенін атап өткен жөн.

Қаржы институттары сондай-ақ ұлттық мақсаттарға сәйкес көміртегі бейтараптығының әлеуетті мақсаттары бар климаттық стратегияларды әзірлеуді, жасыл қаржыландырудың өршіл мақсаттарын белгілеуді, әлеуетті тауашаларды анықтауды және орнықты қаржы өнімдеріне жеткілікті қаржылық ресурстарды бөле отырып,

мақсатты өнімдерді әзірлеуді қарастыруы керек.

Бұл әрекеттер нарықтың одан әрі дамуының катализаторы болып табылады және, әрине, реттеушілер тарапынан ынталандыруды талап етеді, бұл өз кезегінде нарықтағы жасыл қарыздың пулын арттыруға мүмкіндік береді.

#12 ҰСЫНЫМ: КЛИМАТТЫҚ СТРЕСС СЫНАҒЫ

ЕЛ: ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН

Климаттық стресс сынағы (реттеуші жоғарыдан төмен қарай (top down) немесе жеке қаржы ұйымдар (bottom up)) жүргізеді) экономиканың климаттық тәуекелдерге осалдығы кездерін анықтаудың маңызды құралы болып табылады. Ол сондай-ақ қаржы институттарын климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыру бойынша шаралар қабылдауға ынталандыруы мүмкін және мақсатты ақша-кредиттік және пруденциялық саясаттың негізін құра алады.

Реттеушілер ұлттық сценарийлер мен стресс-сынақтарды әзірлеу үшін Қаржы жүйесінің экологиялылығын арттыру бөліміндегі орталық банктер мен қадағалаушы органдар қоғамдастығының (NGFS) сценарийлерін пайдалана алады. Бұл алты сценарий климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту саясаты мен физикалық климаттық тәуекелдердің өртүрлі 30-жылдық болжамдарын ұсынады.

Еуропалық Орталық банк 2022 жылы NGFS сценарийлерін қолданып, ең толық климаттық стресс-сынақтардың бірін жүргізді, оның нәтижесінде Еурожүйе тап болатын физикалық және өтпелі тәуекелдер бағаланды. Нәтижелер климаттық тәуекелдердің екі типі де Еурожүйе балансының тәуекел профиліне айтарлықтай әсер ететінін көрсетті.

Қазақстанда 2024 жылы Қазақстанның қаржы нарығын реттеуге ESG қағидаттарын өңгізу бойынша ҚНРДА Жол картасына сәйкес екінші деңгейлі банктердің климаттық стресс-сынағы жоспарлануда (top down тәсілі).

Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкі Қадағалау комитетінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 37/1 Қаулысына сәйкес Орнықты қаржыландыру факторларымен (ESG-тәуекелдер) байланысты қаржылық

төуекелдерді анықтау, мониторингілеу және ашу бойынша ұсынымдар²² қабылданды, онда банктерге ESG-төуекелдерді сценарийлік талдаудың және/немесе ұзағырақ уақыт көкжиегі бойынша стресс-сынақты пайдалана отырып бағалау ұсынылады (bottom up тәсілі). Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкі. Орнықты қаржыландыру фактор-ларымен (ESG-төуекелдер) байланысты қаржылық төуекелдерді анықтау, мониторингілеу және ашу бойынша ұсынымдар.

Г. ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАСЫЛ ҚАЛАЛАР

#13 ҰСЫНЫМ: ЖАСЫЛ ИПОТЕКАЛАРДЫҢ СХЕМАЛАРЫ

ЕЛ: ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН,
ТҮРКІМЕНСТАН

Банктерді жасыл капиталдың преференциялық режимі және резервтер бойынша талаптар арқылы жасыл ипотека беруге ынталандыруға болады (B-бөлімін қар.). Энергияны үнемдейтін тұрғын үйлерді енгізудің көмегімен экономикалардың көміртегі сыйымдылығын төмендетудің жоғары әлеуеті бар екенін атап өткен жөн. Әлемдік CO₂ шығарындыларының 37%-ы ғимараттардан келеді²³. Бұл ретте, Орталық Азияның қалалық контекстінде ғимараттар шығарындылардың 80%-ын құрайды²⁴, бұл көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді жеделдету үшін оларды декарбонизациялауды аса маңызды етеді.

Қазақстанда «Отбасы Банкі» жасыл ғимараттар нарығының дамуын жеделдету үшін 2023 жылдың басында Қазақстанда бірінші жасыл ипотеканы іске қосты. Бірінші кезеңде банк бастапқы тұрғын үйді сатып алғысы келетін жеке тұлғаларға бағдарланған бұл өнімге 10 млрд теңге (~22,5 млн АҚШ долл.) бөлді, бұл сома өткен жылдың соңына қарай 14 млрд теңгеге (~31,5 млн АҚШ долл.) дейін өсті. Кем дегенде 20% бастапқы жарнамен кредиттің максималды сомасы 35

млн теңгені (~78 000 АҚШ долл.) құрайды. Бұл кредиттеу бағдарламасын тек OMIR ұлттық жасыл стандартына және ГОСТ Р, BREEAM және LEED сияқты көңінен қабылданған басқа да стандарттарға сәйкес келетін жылжымайтын мүлікті сатып алу үшін ғана пайдалануға болады²⁵.

Жасыл ипотеканы Өзбекстандағы Узпромстройбанк да ұсынады (тұрғын үйлердің энергия тиімділігін тұрғын үй алаңының бірлігіне шаққанда кемінде 20%-ға арттыру шартымен). Бұл ретте, үй сатып алу үшін кредит сомасы 328 млн сумға дейін (~ 25 900 АҚШ долл.), үйді жөндеу үшін 80 млн сумға дейін (~ 6300 АҚШ долл.) болады, кредиттеу мерзімі сәйкесінше 20 және 10 жылды құрайды.

#14 ҰСЫНЫМ: МУНИЦИПАЛДЫҚ ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРІ

Егеменді жасыл облигациялар сияқты, муниципалдық облигациялар жасыл жобаларға қаржыландыруды тартудың қосымша құралы ретінде қызмет ете алады, бірақ қалалар, округтер және т.б. деңгейінде. Мұндай облигацияларды қала билігі экологиялық таза көлікті, жасыл құрылысты дамыту, энергия тиімділігін арттыру, су тазарту құрылымдарын дамыту, сондай-ақ басталған жобаларды қайта қаржыландыру және «жасылдандыру» үшін пайдаланады.

ТМД өңіріндегі муниципалдық шығарылымдардың мысалы ретінде 2021 жылдың мамыр айында Мәскеу қ. үкіметі Мәскеу биржасында 70 млрд рубльге жасыл облигацияларды орналастырды. Ашық аукцион қорытындысы бойынша сұраныс ұсыныстан 1,2 есе асып түсті. Бұл облигациялар тек жеке тұлғаларға ұсынылды. Тартылған қаражат көліктен ластаушы заттар мен парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ықпал ететін дизельді автобустарды электробустарға ауыстыру жобасын қаржыландыруға жұмсалады.

Осылайша, муниципалдық жасыл облигацияларды шығару қалалардың қаржылық

²² Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкі. Орнықты қаржыландыру фактор-ларымен (ESG-төуекелдер) байланысты қаржылық төуекелдерді анықтау, мониторингілеу және ашу бойынша ұсынымдар.

²³ UNEP. Beyond foundations. Mainstreaming sustainable solutions to cut emissions from the buildings sector

²⁴ [citiesclimatefinance.org](https://www.citiesclimatefinance.org). Scaling up project preparation and finance for net zero carbon buildings in Kazakhstan and Uzbekistan

²⁵ Отбасы Банкі. Жасыл ипотека

ресурстарын әртараптандыруға және маңыздылығы жергілікті сұраныспен анықталатын жобаларға инвестициялауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, үлесі өсіп келе жатқан бағалы қағаздардың осы түрі жергілікті экологиялық мәселелерді шешуге және жергілікті экологиялық жобаларды қаржыландыруға жергілікті халықты тарту мүмкіндігіне себепші болуда.

Д. ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН ДАМУ

#15 ҰСЫНЫМ: ЖАСЫЛ КРАУДФАНДИНГ ПЛАФОРМАЛАРЫН ІСКЕ ҚОСУ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРІ

Жасыл краудфандинг — жасыл жобаларды, есіресе соңғы жылдары бүкіл әлемде танымал бола бастаған

жасыл энергетика саласындағы жобаларды қаржыландырудың инновациялық және қосымша құралы. Краудфандинг азаматтарға қоршаған ортаға және климаттың өзгеруіне қатысты алаңдаушылықтарын инвестициялық портфельімен біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл — бөлшек инвесторлар үшін портфельдерін әртараптандырудың және климаттың өзгеруіне қарсы күреске өз үлесін қосудың тамаша тәсілі.

ЖЭК жобаларын қаржыландыруға арналған «жасыл» краудфандинг платформалары бүкіл әлемде ерекше танымал болуда. Мысалы, 2010 жылы құрылғаннан бері нидерландтық Windcentrale платформасы 14,3 млн еуродан астам қаражат жинады, бұл платформаны ЖЭК саласындағы ең ірі краудфандинг платформасы етеді²⁶. Инвестицияланған ақша жел диірмендерін сатып алуға жұмсалады, бұл өз кезегінде инвестордың ай сайынғы электрэнергиясы үшін төлемдерін жабу үшін пайдалана алатын энергетикалық кредиттерді тудырады. Мұндай платформалар есіресе

аз қуатты ЖЭК жобаларын қаржыландыруды тартуға көмектесе алады.

Донорлар да автономды энергетикалық сектордағы қаржыландырудағы тапшылықты жоюда оның рөлін жақсы түсіну үшін технологияларға негізделген осы инновациялық қаржыландыру шешімін қарастыруда. Бірқатар донорлар кредиттік кепілдіктер мен платформаның шығындарын және инвесторлармен жұмыс бойынша бастамаларды қаржыландыруды ұсыну арқылы осы сегментті қолдап отыр.

#16 ҰСЫНЫМ: ЖАСЫЛ КЛИМАТТЫҚ ҚОРДА (ЖКҚ) ЖЕРГІЛІКТІ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫН АККРЕДИТТЕУ

ЕЛ: ҚАЗАҚСТАН, ТӘЖІКСТАН, ТҮРКІМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН

Халықаралық климаттық қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейту үшін өңірдің елдері жергілікті қаржы институттарының кемінде бірін Жасыл климаттық қорда аккредиттеу жөнінде шараларды жандандыруы қажет. Бұрын атап өтілгендей, қазіргі уақытта Орталық Азия елдеріндегі ЖКҚ-ның негізгі серіктестері халықаралық даму банкттері болып табылады. Бүгінгі күні Орталық Азия елдерінің ұлттық қаржы институттарының біреуі ғана (АРИС, Қырғызстан) ЖКҚ-да аккредиттелген. Мысалы, Моңғолияда қор қаражатына тікелей қол жеткізу үшін ЖКҚ-да аккредиттелген 2 ұлттық институт бар.

#17 ҰСЫНЫМ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ/ НЕМЕСЕ ӨҢІРЛІК ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІН ҚҰРУ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРІ

Халықаралық қаржыландыруды өңір елдерінің орнықты жобаларына жұмылдырудың қосымша маңызды қадамы және құралы жасыл (климаттық) қаржыландырудың мамандандырылған ұлттық / өңірлік тетіктерін құру бола алады. Орталық Азия елдері жасыл

²⁶ Habitatpoint. Green Crowdfunding Platforms

қаржыландыруды тартудың әртүрлі тетіктерін, соның ішінде жасыл инвестициялық қорлар мен жасыл банктер сияқты мамандандырылған қаржыландыру тетіктерін құруды әлдеқашан қарастыруда. Олардың жұмыс істеуі үшін реттеуші орта құрылуда.

Қазақстанда АХҚО юрисдикциясында ESG-қорларды құру үшін реттеу енгізілді, оның шеңберінде қордың таза активтерінің кемінде 70%-ы ESG қағидаттарына сәйкес келетін инвестициялық стратегияға сай инвестициялануы тиіс.

Қырғызстанда жасыл, климаттық жобаларды қаржыландырудың ұлттық тетіктерін құру тақырыбында талқылаулар тұрақты негізде жүргізілуде. Экономика және сауда министрлігі мен Қырғызстан Банктер одағы 2021 жылы PAGE-нің техникалық қолдауымен және GGGI-дің сараптамалық қолдауымен орнықты жасыл дамуды қаржыландыруды ынталандыру үшін Ұлттық қаржыландыру тетігін (NFV) әзірлеуге кірісті. БҰҰДБ қолдауымен Моңғолиядағы GGGI кеңсесі ұйымдастырған 2022 жылғы маусымдағы Моңғолияның жасыл қаржы корпорациясын құру тәжірибесін зерттеу мақсатында БҰҰДБ қолдауымен Моңғолиядағы GGGI кеңсесі 2022 жылғы маусымда ұйымдастырған Моңғолияға сапардан кейін Банктер одағы мен басқа да мүдделі тараптар өкілдерінің қатысуымен Қырғызстан Экономика және сауда министрлігі жанынан ведомствоаралық жұмыс тобын құру жоспарланды.

Тәжікстанда Тәжікстан Ұлттық банкінің «Жасыл экономиканы дамытудың 2023-2037 жылдарға арналған стратегиясы туралы» Тәжікстан Республикасы Үкіметінің қаулысын орындауға қатысты іс-шаралар жоспарына сәйкес «жасыл» жобаларды қаржыландыруға бағытталған мамандандырылған мемлекеттік және жеке қаржы ұйымдарын құру көзделеді, атап айтқанда шетелдік капиталды тарта отырып, Жасыл инвестициялық қор құру ұсынылады.

Орталық Азия елдері климаттың өзгеруіне қарсы күрес және жасыл инвестицияларды тарту бойынша күш-жігерді біріктіруге

ұмтылады және әртүрлі алаңдарда бірлескен шаралардың қажеттілігі туралы айтып келеді. Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері COP27 және COP28 конференцияларында Климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі өңірлік кеңесті құруды, 2026 жылы Қазақстанда БҰҰ қамқорлығымен өңірлік Климаттық саммит өткізуді қоса алғанда, климаттың өзгеруі саласындағы бірлескен шаралар жөнінде түрлі өңірлік бастамаларды ұсынды.

Өзбекстан Президенті 2023 жылдың қазан айында «Бір белдеу, бір жол» форумында сөйлеген сөзінде Орталық Азия мен Жібек жолы елдері үшін экономика салаларын «жасыл» трансформациялау жөніндегі ортақ бағдарламаны әзірлеуді, сондай-ақ төмен көміртекті экономиканы дамыту үшін «Жасыл» қаржыландыру қорын құруды ұсынды.

COP28 конференциясында өңір елдері «Бес ел – бір өңір – бір дауыс» бірлескен тәсілін ұстана отырып, әлемдік ауқымдағы неғұрлым өзекті климаттық проблемалар бойынша жалпы өңірлік ұстаныммен сөз сөйледі.

Су және энергетикалық жүйелердің өзара тәуелділігі, сондай-ақ энергияны көп қажет ететін экономикаларды түрлендіру проблемалары тұрғысынан талап етілетін жасыл инвестициялардың орасан зор көлемін ескере отырып, өңірде жасыл қаржыландыруды дамытудағы келесі қадам – өңірлік жасыл қаржыландыру тетігін құру идеясын талқылаған жөн болар еді. Өңірлік қаржыландыру тетігі халықаралық климаттық қорларға және мемлекеттік, жеке және екіжақты қаржыландыру көздерінің бірлестіктеріне қолжетімділіктің кең мүмкіндіктерін ұсынады және халықаралық инвесторлар үшін үйлестіру орталығы ретінде қызмет ете алады және көптеген экологиялық және климаттық жобаларды ұсынудың арқасында халықаралық қоғамдастықтың назарын аударуы ықтимал. Мысалы, тетік Өңірлік климаттық қор немесе Орталық Азия елдеріне арналған қор түрінде құрылуы мүмкін. Қор халықаралық климаттық қорлармен (ЖКҚ, Бейімдеу қоры және басқалар), институционалдық инвесторлармен, донорлармен (үкіметтерді

қоса алғанда), халықаралық қаржы институттарымен және көпжақты даму банктірімен серіктестікте құрылуы мүмкін. Бұл Қор жасыл экономикаға және көміртегі бейтараптығына көшу үшін мүше мемлекеттердің елдік мақсаттарына сәйкес келетін қаржылық емес ұйымдарға/ жобаларға (энергетикалық компанияларға, ЖЭК компанияларына немесе жобаларына, ЖЭК пен энергия тиімділігі қызметтерін ұсынатын шағын компанияларға т.б.), сондай-ақ мүше мемлекеттердің ұлттық жасыл таксономияларының техникалық өлшемшарттарына сәйкес келетін жасыл жобаларға тікелей қаржыландыруды ұсына алады. Өңірлік қорды құруды одан өрі пысықтау қатысушы елдердің, сондай-ақ Қордың әлеуетті қатысушылары бола алатын халықаралық қаржы институттары мен көпжақты даму банктірінің мемлекеттік деңгейінде қолдау алуын талап етеді.

БАЯНДАМА АВТОРЛАРЫ

«АХҚО ӘКІМШІЛІГІ» АҚ



Айгүл Құсалиева

Орнықты даму департаментінің директоры



Айнұр Жақыпова

Орнықты даму департаментінің бас менеджері

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»



Светлана Романенко

AP19679105 жобасының ғылыми қызметкері, Қонаев университетінің Заң факультетінің магистранты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Философия, саясаттану және дінтану институты» ШЖҚ РМК Коммерцияландыру, ынтымақтастық және инновациялар орталығы-кеңсесінің басшысы



Ажар Нұрмағамбетова

Бас ғылыми қызметкер, AP19679105 жобасының жетекшісі, экономика ғылымдарының кандидаты, PhD, қауымдастырылған профессор, ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Қаржы және есеп» кафедрасының меңгерушісі



Әлия Нұрғалиева

AP19679105 жобасының жетекші ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының кандидаты, PhD, Нархоз университетінің Экономика және менеджмент мектебінің «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры



Қарлығаш Құрбанова

AP19679105 жобасының ғылыми қызметкері, PhD докторанты, ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы



Әйгерім Біржанова

AP19679105 жобасының ғылыми қызметкері, PhD кандидаты, Бэнг ат. Бизнес мектебінің аға оқытушысы, КИМЭП Университеті